

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Шет тілдері факультеті Қазақ тілі және әдебиеті бакалар тәлім бағдарының  
4 курс студенті Турлибаева Жазира Темирхановнаның

## ***БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ***

**Тақырып: Қазақ тілі сабағында жаңа технологиялық үлгіде сөз  
мағыналарын үйрету жолдары**

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц.А.Оразымбетов

Нөкіс- 2016 ж.

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2016 жыл \_\_\_\_\_№ \_\_\_\_\_санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Шет тілдері факультеті

деканы:

ф.ғ.к., доц. Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

Турлибаева Жазира Темирхановнаның «Қазақ тілі сабағында жаңа технологиялық үлгіде сөз мағыналарын үйрету жолдары» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «\_\_\_\_\_» (\_\_\_\_\_%) қойылсын.

МАК бастығы:

МАК мүшелері:

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_2016 жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

## ЖОСПАР

Кіріспе

I Тарау. Лексика саласын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері

1.1. Лексиканы оқытудың міндеттері

1.2. Лексиканы оқытудың принциптері

1.3. Лексика бойынша жүргізілетін жаттығу жұмыстары

1.4. Сөздік туралы түсінік

II Тарау. Қазақ тілі сабағында жаңа технологиялық үлгіде сөз мағыналарын үйрету жолдары

2.1. Сөз мағыналарын инновациялық технологияларда оқытудың тиімділігі

2.2. Көп мағыналы сөздерді оқытудың тиімділігі

2.3. Тұрақты тіркестері және сөйлеммен жұмыс істеу жолдары

2.4. Кірме сөз және оның мағынасын оқыту

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

## АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

**Тақырыптың актуальдығы.** Қазақ тілін оқытуда оқушылардың ой санасын оятып, дүние танымын кеңейту, өмірге көз – қарасын қалыптастыру, тілін дамыту, тіл материалдарының теориялық практикалық байланысын арттыру, оның қатынас құрамы ретіндегі қызметін басқа пәндермен интеграциялық жүйеде ұштастыру мәселелері көзделуде. Сөз мағыналарын меңгерту қазақ тіл білімінің лексикология тарауындағы басты мәселелердің бірі болып есептеледі. Қазіргі дәуірде педагогикалық технология оқыту процесін басқару және ұйымдастыру жұмыстарында кең қолданылады. Педагогикалық технология жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру қызметі болғандықтан, қазіргі қазақ әдеби тілі пәнінде сөз мағыналары, олардың қолданылу аясын жаңа педагогикалық технология әдісінің бір түрі болған ойын әдісімен оқытудың тиімді жолдарын қолдану тақырыптың көкейтестілігі болып табылады.

**Жұмыстың мақсаты.** Жұмысымыздың негізгі мақсаты сөзді, сөздік құрамды, сөздердің мағыналарын талдап, ойын әдісімен тиімді оқыту арқылы оқушылардың ой санасын, дүниетанымын, еркін пікірлеуін, сөздердің мағыналарын талдау, салыстыру, ой қорытындыларын жасауға негізделеді.

**Жұмыстың міндеттері:** Сөз мағыналарын оқытудың білімдік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар тілдің ең кіші бөлшігі – сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилистикамен байланысын түсіне білуге, яғни, бүкіл тілдік жүйені меңгерумен орай оқушының ана тілі арқылы көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік жасау.

***Зерттеу объекті мен предметі:*** Зерттеу объекті ретінде қазақ тіліндегі сөз мағыналарын меңгерту, оларды интерактив тәсілдерде оқытудың тиімді жолдарын алдық.

Қазақ тіліндегі лексиканың теориялық негіздерін анықтауда және оны оқытуда С.Аманжолов, М.Балақаев, А.Бакірова, Б.Кәтенбаева тағы басқа тілші және методист ғалымдардың еңбектерінен пайдаландық.

***Зерттеу методикасы мен әдістері:*** Бүгінгі заманның педагогика және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған тәжірибелер, соңғы жылдарда кеңінен қолданылып жүрген оқытудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері, ғылыми жаңалықтар мен еңбектер, білім берудің мемлекеттік стандарты, оқу тұжырымдамалары, бағдарламалар, оқулықтар басшылыққа алынды.

Зерттеу барысында психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және ғылыми зерттеу еңбектерін теориялық талдау, сараптау, қорытындылау, салыстыру әдістері қолданылды. Сондай-ақ, әлеуметтік-педагогикалық, теориялық, тәжірибелік, статистикалық тәсілдер пайдаланылды.

***Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары:*** Зерттеудің жаңалығы тақырыптың актуальдығымен байланысты. Сөз мағыналарын ойын әдісімен оқытудың өзіне тәндігін, оның формаларын және қалай пайдалану жолдарын, оның тиімділігін түсіндіріп береді.

***Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:*** Сабақ өту барысында заман талабына сай сөз мағыналарын меңгертуде ойын әдістерінен пайдалану арқылы оқушылардың қазақ тіліне болған қызығушылығын арттырып, ынтасын, сабаққа белсенділігін, еркін пікірлеуіне, танымдық күшін қалыптастыру, дамыту, білімін кеңейту, тереңдетуге жағдай жасау мақсатын көздейді. Бұл жұмысымыздың практикалық маңызы болып табылады.

Сондықтан да бұл жұмыстан методикалық еңбектер жазуда, әрбір пәннен практикалық сабақ өтуінде және оқу орнында қазақ тілінен оқытушылардың сабақ өтуінде пайдалануына септігін тигізеді.

***Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі:*** Жұмысымыз кіріспе мен қорытындыдан басқа үлкен екі тараудан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл тақырыпты ашуда оқушылардың ой-өрісін дамыту үшін аса қажетті категорияларға – талдау, жинақтау, салыстыру әдісімен ғылыми тұрғыдан тиянақты меңгертіп, ой қорыттық. Тақырыпқа байланысты өз пікірлерімізді, ұсыныстарымызды білдірдік.

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов.

Студент:

Ж.Турлибаева.

## К і р і с п е

Қасиетті ана тіліміздің аясы кең, болашағы баянды, келешегі жарқын болуы үшін оқу орны қабырғасында оқып жүрген әрбір білім алушының санасына өз ана тілінің қыры мен сырын ұқтырып, өз ана тілінің жанашыры етіп тәрбиелеу - біздің алдымыздағы үлкен мақсат пен міндет.

Еліміздің білікті мамандары ғана қоғамның болашақ өкілдерінің санасын дамытып, елдің өркениетке қарай жылдам ілгерлеуін қамтамасыз етеді. Білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістерді шебер оқытушы өзінің әрбір сабағында кеңнен іске асырады.

Президентіміз И.А.Каримов айтқанындай, «Тәлімді тәрбиеден, тәрбиені болса тәлімнен айырып болмайды – бұл шығыстық көзқарас, шығыстық өмір философиясы»<sup>1</sup> болып табылады. Сондықтан бүгінгі оқытушының алдында шығармашылыққа бейім жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Негізгі міндет - оқу және тәрбие процесінде жоғары нәтижеге жету.

Сөз - мағынасы мен түр-түрпаты жағынан дара қасиетке ие тілдің бір бүтін бөлшегі. Адамдардың қарым-қатынас жасауы негізінен сөз арқылы жасалады. Сондықтан да ол тілдің ең басты бірлігі болады. Сөз байлығы ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бірден-бірге ауысып, бүгінгі дәуірге дейін келіп жеткен асыл мұра. Ол халықтың барлық білген білімі мен білігі, ойы мен идеясы, дүниетанымының көрінісі (М.Оразов. 165-189). Сөз- тілдік элементтердің ішіндегі ең бастысы. Ол тіл білімінің барлық деңгейлерінің зерттеу нысаны бола алады. Сөз-заттар мен құбылыстардың, олардың қасиеттері мен қимыл-қозғалыс, іс-әрекеттердің атауы. Әрбір атау қоғам таныған, әбден қалыптасқан белгілі бір ұғымды білдіреді. Мысалы, сауысқан, жылан, жусан десек, бұлардың әрқайсысы жеке-жеке заттардың атауын білдіріп, солар туралы нақтылы ұғым туғызып тұр. Олай болса,

---

1. <sup>1</sup> Каримов И.А. Баркамол авлод арзуси. Тошкент, Узбекистон, 1999, 62 с.

әрбір сөздің екі жағы болады: бірі-сөздің сыртқы формасы (дыбыстық жағы), екіншісі сөздің ішкі мазмұны (мағынасы). Екеуі тығыз бірлікте, бірінсіз-бірі болмайды. Яғни сөздің сыртқы формасы-оның материалдық көрсеткіші.

Өзгеру, даму – тіл атаулының табиғатына тән өзіндік қасиеті. Олай болса, тіл-тілде сөз мағынасының да өркен жайып дамуы заңды. Мағыналық өзгерістерге сан алуан факторлар себепші болады. Солардың ішіндегі ең елеулісі – ішкі фактор мен сыртқы фактор. Егер сөз мағынасындағы өзгерістер тілдің ішкі өз жүесінен, өз заңдылықтарынан пайда болып жатса, ішкі себеп болады да, қоғамның тарихи-әлеуметтік дамуынан, мәдениет, өркениет жаңалықтарынан, қатынас жасау формасының ауысуынан, халықтардың қоныс аударуынан т.б. тыс жағдайлардан болып жатса, сыртқы себеп болады. Тіл дамуының ішкі себептерінің сыртқы себептерден негізгі өзгешелігі мынада: егер сыртқы себеп немесе оның әсері белгілі бір тарихи дәуірге тәуелді болса, ішкі себептер ешқандай мезгілмен шектелмейді. Ол барлық дәуірде, барлық жағдайда да тілдік өзгеріске үздіксіз түрткі болып отырады.

Сөз мағыналарын оқытуда алға қойылатын бұл екі мақсаттың бүгінгі жастарды заманымызға лайық тәрбиелеп шығу үшін үлкен маңызы бар. Сондықтан да лексикалық ұғымдар арнайы өтілумен бірге, тілдің өзге салаларын оқыту барысында да қайталанып, жаңа материалды толықтыру, түсінікті ету үшін қажет болады. Ол үшін лексика туралы алған ұғым әрқашан грамматиканы оқыту барысында кеңейіп, практикалық маңызы ашыла түсуі керек. Өйткені жеке сөз әрқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық таныта алмайды. Ондағы (сөздегі) сан алуан мән-мағына грамматикалық байланыста ашылып, жанды көрініс, қабілетін таныта алады. Мұны біз оқытушылардың лексиканы санаулы сағат аясында ғана

өтілетін материал деп қарамай, бүкіл қазақ тілі курсының өту барысында еске алуы үшін әдейі айтып отырамыз.

Оқушыларға лексика бөлімінен саналы білім беру үшін бағдарламаға енген тақырыптардың теориялық та практикалық жағынан мәні анықталуы керек. Әрине, бағдарламадағы әр бір тақырып өз мазмұны мен негізгі мақсат-мәнін ашатын сияктануы мүмкін. Сабақты түсіндіруші оқытушы да осы ізбен жеке тақырыпты бөліп-бөліп түсіндірумен қанағаттанса, олардың бір-біріне қатысты топтарын ашып түсіндіруді немесе өзі ұғуды мақсат етпесе, лексика бөлімін оқыту мазмұны ашылмауы әбден мүмкін. Сондықтан лексика бөлімін оқытуда есте сақталуы қажет үш ұғым бар екенін білуіміз керек:

1) сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары (тура мағына, ауыспалы мағына, көп мағыналық), синоним, омоним, антоним.

2) әр түрлі қолдану аясына қарай бөлінетін жалпыға бірдей, белгілі аяда қолданылатын сөздер (терминдер, диалект және кәсіби сөздер), көнерген сөздер мен неологизмдер.

3) шығу тегіне қарай қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздер. Осы үш топқа бөлінген тақырыптар бүкіл лексика бөлімін қамтиды да, олардың әрқайсысы оқытушыларға материалды түсіндіруге белгілі міндет жүктейді.

Білімді ұрпақ - білімді ұстаздың, білікті маманның еңбегінің жемісі. Оқу орнында қызмет атқарып жүрген оқытушылардың кәсіби деңгейінің көтерілуіне, оның жаңа ұстанымға сай болуына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, бүгінгі білім беру ісіндегі инновациялық процеске тікелей араласуына, бағдарлы білім беруде нәтижеге жетулеріне жағдай жасау - басқарушылық міндет. Әр оқытушының жаңа ізденістермен, жетістіктермен жеке тұлғаны қалыптастыруда сәтті қадам тастауы керек.

## **I ТАРАУ. Лексика саласын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері**

### **1.1. Лексиканы оқытудың міндеттері**

Лексика. Тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тас қарастырылмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстры арқылы, морфология сөздердің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздердің мағыналық, әрі грамматикалық байланысына қарай көрінеді.

Демек, сөздің тілдік материалдары меңгертудегі орны ерекше. Қазақ тілін саналы оқытуда лексиканы дұрыс, жан-жақты үйретудің маңызы зор.

Лексиканы оқытудың білімдік, танымдық маңызы тіл білмі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар, тілдің ең кіші бөлшегі-сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилистикамен байланысын түсіне білуге, яғни, бүкіл тілдік жүйені меңгерумен орай оқушының ана тіл арқылы материалистік көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Алайда, ана тілінде сөйлей білген адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле береді деуге болмайды. Сондықтан лексиканы оқытудың практикалық маңызы зор. Оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу (орфоэпиялық), жазылу (орфографиялық) нормасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі сөйлесуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлілігін түсінуге дағды алады.

Лексиканы оқытудағы қойылатын мұндай талаптар жастарды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу мақсатын қояды. Өйткені тіл заңдылықтарын, ережелер мен анықтамаларды үйрете отырып, тілдік фактіні меңгерту бар. Сондай-ақ оның күнделікті қатынас құралы ретінде қажет

болатын практикалық қыр сырын түсіндіру керек. Бұл екі нәрсенің бір-бірінен өзгешелігі де, бірінсіз-бірі іске аспайтын тұтастығы тағы бар. Сондықтан лексика тарауы арнайы сабақта да, басқа жұмыстар арқылы да ойдағыдай жүргізілуге тиіс. Лексикалық ұғымдар жоғарыда айтылған 4-5 класстарда арнайы өтілумен бірге, тілдің өзге салаларын оқыту барысында да қайталанып, жаңа материалды толықтыру мақсатында да үнемі ескеріліп отырылады. Демек, лексика туралы берілген білім әрқашан грамматиканы оқыту барысында кеңейіп, оның практикалық маңызы барған сайын ашыла түседі. Өйткені жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық бере алмайды. Ондағы(сөздегі) сан алуан мән-мағына тек грамматикалық байланыста ғана көрініп, жанды көрініске, қимылға ие болады.

Сөздер тілімізде түрлі ұғымдармен қатар,грамматикалық мағынаны да,көңіл-күй, сезімді де білдіреді.

Мысалы: сөз затты (парта, қалам, қағаз), оның белглерін (қатты, үлкен, жақсы), санын (бір, үш, жеті), қимылын(оқы, жаз, көр, кел) білдіріп, белгілі бір ұғым атауы ретінде қолданылса, енді бірде сөздердің, сөйлемдердің өзара мағыналық байланысын аңғартып ( үйге дейін, жер мен көктей, Күн суытты, сондықтан жұмысты тез аяқтау керек), тек грамматикалық мағынағы ғана ие болады. Тағы бір топ сөздер тек көңіл күйді (қап, әттегене-ай, бәрекелді), шақыруды(мо-мо, құрау, төте) білдіреді.

Олай болса, тіліміздегі сөздердің қызметі әр түрлі болады деген сөз. Сондықтан оларды атау сөздер(зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеуіш), көмекші сөздер(шылаулар) және одағай сөздердеп үш топқа бөлеміз.

Ал осы үшеуінің ішінде атау сөздер белгілі зат,құбылыс,сапа,сан, ұимыл сияқты нақтылы ұғымдарды,аңғартып,лексикалық мағынаға ие болатындығымен соңғы топтардан ерекшеленеді.

Мектепте лексика тарауын оқытудың лингвистикалық негізі де осылайша атау сөздердің лексикалық мағынасының болатынына қарай белгіленеді. Анықтап айтсақ, лексиканы оқытқанда тек лексикалық мағынасы бар( атау сөздер)сөздер ғана қарастырылады. Ал тек грамматикалық мағынаға ие көмекші сөздер, одағай сөздер грамматика аясында ғана оқылады.

Мұғалім лексикалық мағынасы бар сөздердің де грамматикалық мағынасын естен шығармауға тиіс, алайда лексикалық мағына негізгі белгі ретінде алынады.

Егер лингвистикалық негізін ажыратып алмай, оны тіліміздегі жалпы сөздердің жиынтығы деп түсіндірсек, сабақ мақсатына жетпей, лексикалық талдау кезінде, жаттығу үстінде оқушылар шатасады.

Сабақ, негізінде, оқулықтарды басшылыққа алынып түсіндіріледі. Дегенмен, мұғалімнің тек оқулық материалын білу жеткіліксіз. Демек, оқушы лексикалық мағынадан грамматикалық мағынаны жақсы ажыратуға тиіс. Мысалы, лексикалық мағынасы бар сөздердің өзі түрлі қосымшалар жалғану арқылы быбысталу тұлғасы өзгеріп отарады. Мысалы, адам, адамдар, адамдарымыздың, адамдық, адамсу, т.б. Ал олар сол қосымша арқылы грамматикалық өзгеріске түседі. Өйткені атау сөздердің ішінде туынды түбір сөздер жиі кездесіп отырады. Оларды лексикалық мағынасы сақталып, түрлі формаға еңген сөздерден (адамдар, адамдарымыз) ажыратып алмай лексикалық-лингвистикалық негізін толық түсіну қиын болады. Сондықтан оқушыларға лексикалық мағына дегенді әр түрлі мысалдармен саналы түсіндіру арқылы ғана, оны грамматикалық мағынадан ажыратуға болады. Мысалы, дейін, шейін, гөрі, сияқты, туралы, т.б. шылаулар мен кітап, қар, аяз, жел, жаңбыр сияқты сөздерді салыстырып, оқушылардың өзіне мағыналарын түсіндір десек, тек екінші қатардағы (кітап, қар, аяз, жел, жаңбыр) сөздердің ғана лексикалық мағынасы барлығын түсінеді де, алғашқы топтағы шылаулардың лексикалық мағынаға да ие болмайтындығын кіреді.

Сондай-ақ лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір ғана мағынасымен шектеу қиын. Өйткені тіліміздегі сөздердің әрқайсысы алуан түрлі мағынаны білдіреді. Олар-белгілі бір ұғымды аңғарта отырып, айтушының (не жазушының)көзқарасын, ойын, көңіл-күйінде байқатуы мүмкін. Мысалы: жуас, момақан, көмбідесек, осы үш сөздің де лексикалық мағынасы бір, немесе жақын болғанымен,қолданушының жақсы не жек көріп,әлде сүйсініп айтуына қарай әр қайсысы таңдалып қолданылады. Сондықтан сөз мағынасын ашып жете түсіну оқушылардың лексикалық ұғымын дамытып, сол алған білімін сөйлеу тілінде, жазба жұмыстарында еркін қолданып, стильдік дағды алуға бірте –бірте бағыт береді.

Сондықтан оқушыларға сөз және оның мағынасы туралы түсінінік бергенде,сөздердің әр түрлі мағынасы контексте,сөйлемде ғана белгілі болатын жеке тұрғандағы көп мағыналықтан аңғарыла бермейтінің ескеріп, жаттығу жұмыстарын контекстегі мағынасымен байланыстыра жүргізу пайдалы.

Мысалы, ақиық сөзін оқушы бүркіт тұқымдас құс мағынасында контекссіз түсінсе де, «шаршамайтын, шалдықпайтын адам» деген ауыспалы мағынаның мәнін ұға бермейді. Көл сөзінің теңізден кіші суды айтатынын білгенімен, «көп, мол» деген мағына тек текст ішінде (контексте) ғана ашылады. Ал бұл оқушылардың тура жіне ауыспалы мағыналы сөздерді түсінуіне байланысты болады.

Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, оның ішінде ауыспалы мағыналы сөздерді,түсіндіру қиындық келтіреді. Сондықтан ауыспалы мағыналы сөздерді түсіне,айыра білетіндей дағдылары болуға тиіс.

Мұғалім оны мысалда арқылы жан-жақты түсіндіре отырып, сөздің бастапқы мағынасын тура мағынасы деп,ал қолданылуына қарай кейін пайда болған мағынасын туынды немесе ауыспалы мағына деп айтатынын ұқтырады. Ондай дағдыны мынадай жұмыстардан бастаған жөн, әуелі сөздің

тура және ауыспалы мағынада қолданылуын түсіндірме сөздіктен көрсетіп, оның берілу тәртібімен таныстыру қажет, ауыспалы мағыналы сөздерді тура мағыналы сөздермен салыстыру орынды.

Мысалы, мұғалім оқушылардың өздеріне таныс «әл» деген сөзді алып, оған былайша талдау жасатуына болады. Әл-зат есім. 1.Күш, қуат, шама. Балқияның тоқтамасқа әлі жоқ,әлі жоқ болса да, тоқтайтын түрі жоқ.(Ә.Әбішов) 2. Хал-ахуал, тұрмыс, жағдай. Мектептердің шығындары тәртіппен, әр елге, әр шаруашылығы бар үйге әліне қарай бөлініп салынып, ол салық уақытысынан қалмай жиналсын. (С.Сейфуллин)

Оқушылар бұл үзіндіге «әл» сөзінің бірінші мағынасы тура да,екінші мағынасы екенің аңғарып, сөздің ауыспалы мағынасы тура мағынасының негізінде пайда болатынын, бірте-бірте жаңа сөз жасалатынын түсінеді.

Сондай-ақ сөз кейде күйі не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы басқа мағына беретін кезі де болады. Бұндай тіркестер айтушы немесе жазған кісінің қарастыруымен емес, дайын, бұрыннан тіркесіп қалыптасқан күйінде жеке сөз орнына пайдаланылады. Мысалы, ашық ауыз, (аңқау), төбе шашы тік тұрды(үрейленді) сияқты тіркестер жеке бір ғана сөз мағынасын береді. Бұлар-тұрақты сөз тіркестері.

Тұрақы сөз тіркестерін оқушыға түсіндірудің бір шама қиындығы бар. Басқа тақырыптарға қарағанда әлдеқайда күрделі. Тұрақты сөз тіркестерін ажырата білу, орнын, қолдану мақсатын айыру үшін әр түрлі әдістер қолдану қажет болады.

Лексикалық мағынаны түсіндіруге үнемі салынбай,мұғалім әр уақыттада текст ішінде кездесетін сөздерді жол-жөнекей айтып отыруы қажет.

Сөз сырын, оның лингвистикалық негізін түсіндірумен орай сөздердің бір-бірімен мағыналық жағынан әр түрлі себертермен тығыз байланыста болатынын, белгілі бір жүйеге бағынып, бірін-бірі толықтырып,мағынасын

айтқындайтынын ұғатын болады. Синоним, омоним, антоним сөздерді де салыстыра отырып түсіндіру ыңғайлы.

Мысалы, синонимдес сөздер бірін-бірі толықтырып, әрі олардың мағынасын ашуға себеп болады. Айталық, сұлу сөзінің мағынасын аша түсу үшін келбетті, келісті, көркем, әдемісөздерін пайдаланамыз. Сондықтан да түсіндірме сөздікте белгілі бір сөздің мағынасын түсіндіру үшін, оның синонимін беру, (егер синонимі болса) тәсілі кездеседі. Мысалы, Сызды-ылғалды, дымқыл. Сый-құрмет, қошемет. Сыйлы-құрметті, қадірлі. Сымбат-нұсқа, мүсін, тұлға. Сынау-тексеру, байқау.

Ал антонимдес, (ұзын-қысқа, ақ-қара) біріне-бірі қарама-қарсы ұғымды аңғарту арқылы мағынаны дәлелде түседі. Сондықтан кейде сөздің мағынасын түсіндіру үшін антонимін табуға, сол арқылы түсіндіруге әрекет жасаймыз.

Мысалы. Қара-аққа қарама-қарсы түс. Саяз терең емес, тайыз.

Сондай-ақ сөздің бір-бірімен байланысты тақырыптық топтарға қарай (спорт терминдері: футбол, волейбол, география терминдері: тау, қырат, ойпатт.б.) да, бүтін мен бөлшектің өзара қатынасына қарай (адам, қол, аяқ, көз, мұрын, құлақ, т.б.) да, сондай ақ түбірлестігіне қарай (ақшыл, ақтау, ағар; түрлі, түссіз, түрлілікт.б.) анықталады.

Тіліміздегі бір сөздің мағыналық өрісін анықтау үшін, оның өзге сөздермен жүйелі қатынасын анықтаған жөн. Оны мына схема арқылы көрсетуге болады.

Жомарт сөзінің мағыналық байланысы

Лексика-семантикалық қатынасы азамат, ер көңіл адам

жомарттық түбірлестік антонимдік

жомарт сараң

жомарттау қатынасы қатынасы

Синонимдік қатынасы

сахи

мәрт

береген

Әрине, сөздің мағыналық өрісін байқау үшін әр уақытта да осындай схема жасай беруге болмайды. Кез келген сөздің антонимі де, синонимі де болмауы мүмкін, бірақ оның барын не жоғын анықтауға, немесе басқаша қатынасын ажырата отырып, жеке сөздің басқа сөзбен антонимдік не синонимдік қатынасының бар жоқтығы анықталады.

Демек, тіліміздегі сөздің жүйесіне қарап, бұлайша ара қатынасын анықтау оның мағынасын толық аша түсуге, еркін қолдануға мүмкіндік жасаумен бірге, оқушының ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Лексика бөлімінен саналы әрі тиянақты білім беру үшін программаға енген тақырыптардың теориялық және практикалық жағынан мәнін ашып алуға көңіл бөлген жөн, яғни лексиканы оқытумен орай мына үш мәселеге айрықша назар аудару қажет.

1) сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары (тура мағына, ауыспалы мағына, көп мағыналық), синоним, омоним, антоним сөздер жатады.

2) әр түрлі қолдану аясы жалпылама қолданылатын сөздер, сондай-ақ белгілі аяда қолданылатын сөздер (терминдер, диалект және кәсіби сөздер), көнерген сөздер мен неологизмдер.

3) шығу төркініне қарай: қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздер.

Бұлар лексика бөлімінен оқушыларға тиянақты білім берумен бірге, мұғалімге де творчестволықпен жұмыс істеуді міндеттейді.

Сөздің мағыналық топтары оқушыға 4-класстан бастап таныс. Олар сөз мағыналарының контексте әр түрлі қолданылуын (тура, ауыспалы), синонимдердің, омонимдердің, антонимдердің тіліміздегі көркемдік, стильдік

мәнінің ерекше екендігін текст ішінен ажыратуға, тіл ұстарту программасы бойынша, ресми-кеңес, ауыз екі сөйлеу, көркем әдебиет стилінде қолданылудағы алуан түрлі жолдарын түсінумен бірге сөздікте берілу тәртібімен танысып, сөйлеу, жазу, нормаларына біршама жаттығады.

Ал екінші, үшінші топқа жататын ұғымдар 5-класстан таныстырылады. Бұл арқылы оқушы тіліміздегі сөздердің даму, қалыптасу жолдарын біліп, сондай-ақ тілдің стильдік ерекшелігін таниды.

Мысалы, қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздерді оқу арқылы тілдің баю, даму жолын тісінсе терминдер мен диалект, кәсіби сөздердің, көнерген сөздер мен ниологизмдердің мәнін білу арқылы тілдің сан-саласы стильде тармақтары болатынын, олардың әрқайсысының қажетіне қарай тіліміздегі айрықша орны мен қызметін түсінеді.

Сондықтан лексика бөлімінің материалдарын жаңа білім беруге байланысты да бұл айтылғандарды ескеріп отыру аса қажет.

Мына таблицаны пайдаланып лексикалық ұғымды түсіндіруге болады.

Ал фразеологизмдер мағынасы жағынан өзара синонимге де (жүрегінің түгі бар - жүрек жұтқан, он саусағынан өнері тамған - ағаштан түйін түйген т.б. ), көп мағыналыққа (аузын ашты деген фразеологизмді сөйлей бастады деп те, таң қалды деп те түсінуге болады) да жатады.

Шығу тегіне қарай алсақ, фразеологизмдерді тіліміздегі сөздер сияқты байырғы фразеологизмдер, басқа тілден енген фразеологизмдер деп бөлуге болады. Мысалы, көрмес түйіні де көрмес, тасбақа аяңы сияқты тұрақты тіркестердің біріншісі байырғы фразеологизм.

Қысқасы, фразеологизмдер жеке сөздің баламасы ретінде қолданылатындықтан, жеке аясында қарастырылады.

## 12. Лексиканы оқытудың принциптері

Мектепте лексиканы оқыту, негізінен, төрт принципке сүйенеді. Олар мыналар. – сөз мағынасын шындықпен (зат, сын-сапа, сан, қимыл т.б.) салыстыру; - лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны салыстыру, семантикалық-мағыналық принцип, - диахрониялық принцип.

Сөзді болмыспен салыстыру принципі.Қазақ тілінің сөз байлығын үйрену немесе игеру өмірді, өмірдегі сан алуан құбылыстардың өзін, оның сын-сипатын ұғумен жүретіні белгілі. Өткені белгі ұғымға телінбеген сөз есте да сақталмайды, өмірге қажет те болмайды. Жас бөбектің сөз үйреніп, тілінің шығуы – өзіне таныс заттар мен ұғымдарды танып білуімен қатар жүретіні сияқты, лексиканы оқытқанда да сөз мағынасы өмірмен тікелей ұштастырылуы талап етіледі. Лексиканы оқытуда заттың суретіне қарап атау, не атын естіп, оның суретін табу әдісінің үлкен мәні бар.

Көп мағыналы сөздер бір-біріне ұқсас белгілері бар заттар мен құбылысты, әрекетті, сапаны білдіреді. Бірақ олар қалай болса солай атала салмаған, әуелі тура мағынасы белгілі болып, ауыспалы мағына содан өрбіген. Көп мағыналы сөздерді салыстыру әдісімен түсіндіру тиімді. Мысалы: Ши сөзінің тура мағынасы «қамыс сияқты жіңішке болып өсетін өсімдік» те, ауыспалы мағынасы – сол өсімдіктен тоқылған зат. Егер мұғалім заттың өзін не суретін көрсетіп салыстара түсіндірсе, көп мағыналықтың пайда болу жайын оқушы өте жасы түсінеді. Сондай-ақ бұл әдіс синонимдер мен омоним, антонимдерді түсіндіруде үлкен көмегі бар.

Оқулықта омоним сөздерді төртінші класс оқушыларына түсіндіру үшін ара (құрал және жәндік), шабу (шөп шабу, атпен шабу) сияқты зат және қимыл атауларының омонимдістігіне көрнекі құрал боларлықтай суреттер берілген. Мұғалім осы әдісті өзінше басқа-басқа суреттермен жалғастыра түсіндіргені дұрыс. Мысылы, қыс суреті мен шегені қысқашпен қысып ұстау бейнесін қаздың суреті мен жер қазу процесін бейнелеген суретті, жаз (жыл мезгілі),

жаз (қаламмен жазу, шумақталған сымды жазу) суреттері сияқты белгілі суреттерді көрсете отырып, и бұлардың бір-біріне ұқсастық белгісі жоғына көз жеткізу керек. Сон оқушылар омоним сөздер бір-біріне ұқсастық белгісі жоқ басқа-басқа мағынаны аңғарса, көп мағыналы сөз белгілі ұқсастыққа қарай айтылытына оқшылардың көздерін жеткізу қажет.

Синоним сөздерді түсіндіргенде, қой бағып тұрған кісінің суретін оқшыларға көрсетіп, оның кім екенін сұрасақ, бірі- шопан, бірі-бақташы, бірі-қойшы деп атап, ол сөздердің өзара синонимдес екенін түсінетін болады.

Әрине, бұл принципті мұғалімнің шеберлігіне байланысты екі түрлі жағдайда жүргізілуі мүмкін. Оның бірі сөзге лайықты келетін суретті табу да, екіншісі суретке қарап отырып, оның атын (сөзді) табу. Бұл екі әдісте оқушылардың ойлауына, білгенін есте сақтауда көмектеседі. Тілдің күрделі мәселе екені оны жастай үйреніп, сол тілде жақсы сөйлеп тұрғаның өзінде де адам балсы өмір бойы сөзді үйренумен өтетіні белгілі. Олай болса, сөз туралы ұғым - оның қажеті қанша үйренген сайын, қыр-сыры молая беретін байлық. Сондықтан бұл принципті мектеп программасындағы лексика бөлімін оқушыларға саналы үйретудің бірден-бір қажетті жолы деп есептеуге болады.

Лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны салыстыру принципі арқылы лексикалық құбылысты нақтылап, анықтап дәлелдеп тануға, сөйлеу, жазу кезінде лексикалық қателерді болдырмауға көмектеседі. Мысалы, антоним, синоним, омонимдерді, көп мағыналы сөздерді оқытқанда, олардың (сөздердің) лексикалық мағынасына көңіл аудармаймыз. Айталық, омонимдерді өткенде дыбысталуы бірдей бола тұра, басқа-басқа ұғымды аңғартатын, бір-біріне байланысты емес сөздер деп түсіндіреміз, жаттығу, қайтлау кездерінде бірізділікпен кетеміз де, оның грамматикалық мағынасына көңіл аударылмайды.

Омоним сөздердің грамматикалық мағыналарына жүйелі талдау жасалынып отырылса, бағыт алар еді. Мысалы, биле деген омоним сөз биді биле түсуге, музыкаға ойнау мағынасында қолданылса да, басқару, игеру (ел биледі) деген мәнде айтылса да, етістік болып қала береді. Ал түс (түс көру), түс (төменге түс) түс (түс мезгіл) сөздері омоним болғанымен, әр түрлі сөз таптарынан жасалған.

Омоним сөздер бір сөз табынан да, әр түрі сөз табынан да жасала береді. Ал синоним, антоним сөздердің тек бір сөз табынан ғана болатынын түсіндірудің де маңызы үлкен.

Сөздердің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын салыстыру үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен омоним, синоним, антоним сөздердің берілу жайын, грамматикалық белгілерін көрсетіп, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне жағдай жасаған жөн. Әсіресе бұлайша түсіндіру дерексіз ұғымды білдіретін сөздердің лексикалық мағынасын ашып түсіндіруге қажет болады. Өйткені оқушылар үшін дерексіз ұғымдардың мағынасын ашу деректі ұғымды аңғартатын сөздердің мағынасына қарағанда әлдеқайда қиын.

Сөздердің лексикалық және грамматикалық белгілерін салыстырып түсіндіргенде, әрқашан талданатын сөз сөлем ішінде, контексте ғана қарастырылуы керек. Өткені жеке тұрған сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары беймәлім болып келеді. Мысалы, егеу, жамау, сабау, жабу, оқу т.б. сияқты сөздер бірде - зат есім, бірде етістік болып қолданылуы сөлем ішінде ғана байқалады. Содай-ақ алыс, жақын сөздерін бір-бірімен салыстырып, қашықтықты білдіретін антоним сөздер екенін бірден аңғартуымыз мүмкін. Бірақ алыс сөзінің етістік ретінде қолданылуы еске түсе бермейді. Ал бұлар сөйлем ішінде анық көрініп тұрады. Ол болса, сөзді сөйлем ішінде (контексте) қарастыру оқушыларға әлдеқайда жеңіл болады.

Лериканы оқытуда әрбір лексикалық мағына мен грамматикалық мағынасы қатар қойып салыстыру арқылы жүрсе ғана ұғымды. Былайша түсіндіру- лексикалық мағынаны ашуға көмектесуімен бірге, оқушылардың грамматикалық ұғымдарды дұрыс ажыратып, сөздердің қолданылу аясын түсінуіне мүмкіндік жасайды.

Семантикалық принцип сөздердің әр түрі сөздермен мағыналық байланысына қарай лексикалық парадигма жасау қабілетімен байланысты. Лексикалық парадигма дегеніміз айналадағы заттар мен құбылыстардың бір-біріне қатысы қандай болса, оларды білдіретін сөздердің де бір-біріне қасты сондай болады. Мысалы: өзара қатыстылығы арқылы (бір тақырып бойынша) бір атауға топталатын сөздер болады. Айталық , танертен, сәске, түс, екінді, ымырт, кешқұрвмсөздері бір күн ішінде болатын мезгіл атаулары: тал, терек, карағаш, өрік, алма,т.б. сөздер ағаш сөзінің мағынасына енді; қол, аяқ, тізе, арқа, құлақ, көз, мұрын,т.б. сөздер дене мүшесіне жатады. Сондай-ақ синоним, амоним, көп мағыналы сөздер де өз ішінде белгелі мағыналық қатысқа ие.

Сөйтіп, лексикалық парадигма дегенде өзара осындай өзара мағыналық байланысы бар, бір тақырыпқа қатысты сөздердің тобын айтамыз. Сондықтан семантикалық принцип көп мағыналы сөздер мен омонимдерді, көп мағыналы сөздер мен антонимдерді, синонимдер мен антонимдерді, синонимдер мен түбірлес сөздерді үйренуде қолданылады. Сондай-ақ өзара бір атау топтарға бөлінетін сөздерге көңіл аудару да лексикалық мағынаны аша түсетін тәсіл екенін есте сақтаған жөн. Мысалы, шабуылшы, қорғаушы, жартылай қорғаушы, қақпашы сөздерін спорттың футбол атты түріне байланысты қолданылатын айта отырып, мағынасын аша аламыз. Сондықтан тіліміздегі көптеген сөздердің лексикалық мағынасын тек семантикалық принцип арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ бұл принцип сөздердің сөз

тіркесі және сөлем ішінде өзара мағыналық байланысу жолын ажырата білуге көмектеседі. Өйткені қандай сөз болмасын ешқашан тілде жеке өмір сүре алмайды, қандай да бір байланыста қолданылып, қызмет атқарады. Мысалы, есік сөзі ашу, жабу етістігімен байланысты айтылғанымен ұшу, жүру, кету, келу сияқты қозғалысты білдіретін сөздермен байланыспайды. Бірақ тілдің ішкі мүмкіндіктеріне қарай, бір-біріне байланысы жоқ ұғымдарды образды ойлау жүйесімен айту арқылы байланыстыратын кездер де болады. Мысалы, барқыт түн, алтын дән, ақ алтын, алтын күзт.б. Сондықтан оқушыларға сөздің лексикалық мағынасын түсіндіруде семантикалық принцип осындай сөзді қолдану орындарына қарай да айқындалып отырылады.

Диахрониялық принцип – тіліміздегі сөз байлығының пайда болу, жасалу, қалыптасу тарихын халық өмірімен салыстыра түсіндіруге негізделген, ол басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен неологизмдер, кәсіби сөздер туралы ұғымдарды түсіндеру, ұқтыру, меңгерту барысында қолданылады. Сөйтіп, диахрониялық принцип – оқушыларға сөздің тарихын, шығу тегін, не пайда болу себебін ашып түсіндіру жолымен лексикалық мағынаны анықтау. Мысалы, орыс тілінен енген машина, трактор, комбайн, колхозсияқты сөздердің тілімізге енуінің себебі қазақ халқының тарихымен байланысты. Немесе көнерген сөздерді, неологизмдерді де халық тарихымен салыстырып, би, хан, уәзірсияқты сөздерді қазір халық неге қолданбайды, не үшін спутник, ұшқышсияқты сөздер пайда болды деген сұрақтар төңірегінде әңгіме жүргізіледі.

Оқушы осылай салыстыра түсіндіру арқылы басқа тілден сөз ену, кей сөздің көнеріп, кей сөздердің тілімізде жаңадан пайда болып жатуы қазақ халқының тарихындағы өзгерістерге, даму жолына байланысты екенін аңғарады. Мысал үшін оқушыға тың сөзін талдатсақ, қазақ халқының өміріндегі ұлы өзгеріске байланысты байырғы сөздің мағынасы жаңарып, жаңа сөздің пайда болғанын ұғады. Мысалы, тыңсөзінің бұрын сын есімге

жататын сөз болғанын тың күш, тың көлік, тың жер сияқты зат есімге анықтауыш ретінде тіркесетінін түсіндіре келіп, қазіргітың сөзінің лексикалық мағынасын талдап, оның зат есім ұғымында жұмсалатынын айту қажет.

Бұл сөйлемдерде тыңсөзі бұрынғы сынды аңғартатын мағынасынан алыстап, не? деген сұраққа жауап беретін белгілі бір территорияны, елімізге әйгілі астықты өлкені аңғартып тұр. Оқушылар тың сөзінің ішкі мағынасындағы өзгеріс қазақ халқының мекені Қазақстанда болған тың игеруге, ұлы оқиғаға байланысты туғанын түсініп, сөз бен халық тарихы бір-бірімен сабақтас, жалғас жататынын түсінеді. Сөз тарихы мен халық тарихын салыстыра түсіндіру әр түрлі жолмен жүргізіледі.

### **13. Лексика бойынша жүргізілетін жаттығу жұмыстары**

Лексикалық жаттығулар қазақ тілі лексика жүйесін белгілі бір ұғымдық мәліметтермен танысуға, сөздерді қолдана білу дағдысына бағытталады. Сондай-ақ ол оқушылардың сөз байлығын арттырады, сөзді қолдануға бейімін дамытады, оқушыларды әрбір сөзге көңіл бөлуге, мағынасын аңық аңғартуға жетелеп, логикалық ойлау жүйесін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» оқулықтарында (5 класс оқулықтарында) лексикалық жаттығулар тек қана лексикалық ұғымдарды (тура және ауыспалы мағына, көп мағыналық, синоним, омоним, антоним, басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер мен жаңа сөздер, диалектілер олардың қолданылуын үйренуге жетелейді. Бірақ қолданылуы жайында тапсырма аз берілген. Демек, лексиканы игеру үшін грамматикамен, орфографиямен және стилистикамен байланысты жаттығу жұмыстары жүргізілуі керек. Өйткені лексикалық ұғымдарды үйрену мен оның қолданылу аясын толық игеру тілдің басқа салаларымен байланыстырылмай толық мәнге ие бола алмайды. Сондықтан оқулықта жаттығу жұмыстарын беру үстінде қай материал

грамматиканың, орфографияның қай тақырыбымен байланысты екенін айрықша ескеріп, олардың жүйелі берілуіне көңіл аударған жөн. Бұл жерде үлкен шеберлік, оқушылардың жас ерекшелігі мен қабылдау, орындау мүмкіндігін айқын аңғаратын педагогикалық, психологиялық білім қажет. Сондықтан әуелі лексика саласы бойынша берілетін жаттығулардың өзіндік ерешеліктеріне қарай классификациялап алған жөн. Берілетін жаттығу жұмыстарының бірінші тобы, сөз жоқ, лексикалық жаттығу болып табылады. Мұнда, негізінен, оқушылардың лексикадан алған теориялық мәліметтері пысықталып, сөз қолданысқа үйретіп, дағдыландыру, сөздікті пайдалану ісі игерілуі керек. Дұрысында, сөздіктермен танысу, оларды пайдалану жұмысы әрбір тиісті лексикалық ұғымдармен бірге жүргізілуі керек. Мысалы, сөз мағыналарын өткенде (тура және ауыспалы мағына, көп мағыналық, омоним, синоним, антоним) түсіндірмелі сөздікпен жұмыс істелінеді. Оқушы сөздікті пайдалану арқылы сөздік лексикалық мағынада қалай қолданылатындығын, екіншіден, өздеріне мағынасы түсініксіз сөздердің мәнін ұғу үшін пайдаланады, сонымен бірге көп мағыналы сөздердің, омоним сөздердің берілу тәртібін үйренеді.

Көп мағыналы сөздердің әр түрлі синонимі, әр түрлі антонимі болатынын жаттығу жұмыстары арқылы түсінік алуға бағыттау керек. Мысалы, қиын есеп – оңай есеп, ауыр күрделі есеп деп антоним, синоним сөздермен түсіндіруге болатынына көңіл аудару қажет.

Тілдің басқа салаларымен байланыстырылып жүргізілетін синтетикалық жаттығу да тиімді. Мысалы, лексикадан алған білімдерін бұрын өтіп кеткен грамматика, орфография, стилистика тарауларының материалдарымен байланыстыра отырып, жаттығу жұмысын жүргізу. Мұның өзі оқушылардың лексикадан алған білімін, жалпы тіл біліміндегі оның орнын, қолданылуын, сондай-ақ өзге материалдарды еске түсіріп, қайталап отыруға мүмкіндік береді.

Ол үшін мынадай жаттығулар жүргізу қажет.

1. Берілген сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын таптыру. 1) адам өсімдік, жануар, алтын, су, 2) қызық, жазық, әдемі, үлкен, 3) ойлану, жүру, сөйлеу, кебу.

Оқушылар үш топқа бөлінген сөздердің лексикалық мағынасын аша отырып, бірінші топтағы сөздердің – зат атауы екенін, екінші топтағы сөздердің заттың белгісін, сынын білдіретінін, үшінші топтағылар қимылды білдіретінін анықтап, зат есім, сын есім, етістікке жататынын білуге тиіс. Сол сияқты лексикалық мағынаны сөздің жасалу жолына, қолданылуына, шығу тегіне қарай ажырату да грамматикамен тығыз байланысты жүргізіледі.

2. Түбірлес сөздердің қай сөз табына жататының анықтату, 1) келісім, келісті, келіншек, 2) орын, орынша, орындық, орынды, 3) адам, адамдық, адамгершілік.

3. Грамматикамен байланысты жүргізілетін жаттығудың тағы бір түрі – сөздің түрлену барысын немесе сөз жасау барысындағы айырмашылықтарын ажырату. Мысалы, белгілі бір сөзге септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жалғау арқылы лексикалық мағыналарын салыстыруға болады. Оқушылар бұлай салыстыру арқылы түрленген сөздердің лексикалық мағынасының сақталып, грамматикалық мағынасына өзгерістер пайда болатындығын байқайды.

Осындай жұмыстарды жүргізу оқушылардың лексикалық мағынаны грамматикалық мағынадан ажратуына көмектеседі, сөйтіп, сөздің қолданылу аясын жақсы меңгеріп, практикалық дағдысы артады, жазу мәдениеті жетіледі.

Ал стилистика саласымен байланысты лексикалық жаттығулар сөзді таңдап-талғай білуге, айтылатын ойды сөйлем арқылы толық бере білуге бағыт алады. Оған байланысты мынадай жаттығу жұмыстарын жүргізуге болады.

1) берілген сөздер мен сөз тіркестері қандай лексика-семантикалық топтарға, қайсысы қандай стильдік ныш-тиыш, бала-балақай, қыз-қызалақ т.б., 2) стилистика туралы ұғымды оқушыларға кеңінен түсіндіріп, ғылыми, көркем әдебиет, сөйлеу стильдерімен таныстыру.

Ал орфографиямен байланысты жүргізілген жаттығулардың да өзіндік орны, ерешелігі бар. Өйткені оқушылар сөз байлығын игерумен бірге оның дұрыс жазылуын да саналы түсінуі керек. Ол үшін оқушылардың сөз қолдану, жазу дағдысын қалыптастырып, әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізгені жөн.

1) мына сөздердің түбірлес варианттарын жазып, түсіріліп жазылатын дауысты дыбыстар ережесін түсіндір. Ұры (ұрлық), орын (орны), құлып (құлпы), көрік (көркі).

2) Мыны сөздерді сыңарларымен салыстырып, мағыналас немесе өзге сөз екенін түсіндір. Қан-хан, қат-хат, кәрі-қария, ары-әрі, білік-шілік, қас-хас.

3) берілген сөздерге түбірлес сөз тауып, дауыссыз дыбыстардың өзгеруін түсіндір. Жап-жауып, тап-тауып, теп-теуіп, көбік-көбігі, парақ-парағы, тарақ-тарағым.

4) Берілген түбірлес сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшелікті түсіндір, түбірлес сөздердің лексикалық мағынасын ажыратып бер: жұмыс-жұмысшы, ас-асшы, дос-достық.

5) Омонимдес сөздердің түбірін тауып, әрқайсысының мағыналарын аштыру: түстік (тамақ)-түспек, түн-түнек.

Әр сөзді қатыстырып, жеке-жеке сөйлемдер құрастыру, сайып келгенде, лексикалық пысықтау үшін берлетін жаттығулар жоғарыдағы жолдармен әр түрлі тақырыппен байланыстырыла жүргізілсе, лексикадан олардың теориялық білімі мен қолдану дағдысын қалыптастыруға, жалпы тіл заңдылығын толық игеріп, өздігінен ойлануына үлкен ықпал жасайды.

Осыдан оқушының лексикадан алған теориялық білімі мен практикалық дағдысы қалыптасады. Мысалы, IV класта оқушылар түсіндірме сөздікпен жұмыс істеп, тура және ауыспалы мағыналарды сөздіктен тауып, олардың берілу тәртібін түсінеді, синоним-зат есімдерді ауызекі, жазбаша түрде қолдану арқылы сөздерді орынсыз қайталаудан, қолданудан арылады, сондай-ақ синоним-сын мен синоним-етістіктерді қолданудың жолын үйренеді.

Ал V класта сөздіктер арқылы қай сөздік қай тілден ауысқанын, көнерген сөз бе, неологизм бе, диалектизм бе, әлде кәсіби сөз бе деген сұрақтарға жауап беріп, олардың қолданылуы орнын, көркем әдебиеттегі ролін түсінеді.

Жаттығу үшін алынатын дидактикалық материалдарды іріктеуде, жоғарыда айтылғандай, тек лексикалық, грамматикалық мағынаны анықтау мен орфографиялық, стилистикалық мақсаттарды іске асыра отырып, сөз байлығын жоспарлы түрде дамытып отыру көзделінеді.

Оқушылардың сөз байлығын арттыруда сөздерді тақырыптық топтармен үйрету пайдалы. Ол үшін оқушыға таныс тақырыптар алынуы керек. Мысалы, спорт ойындары, өздері тұратын жердегі шаруашылық немесе мектеп, семьяға байланысты тақырыптар. Тақырыптық топтарға байланысты сөздерді игеру сөз байлығын арттырып қана қоймай, білімдік танымдарын кеңейтіп, тілдерін ұстартады. Белгілі тақырыпта әңгіме өткізуге, шығарма жазуға дайындық жасайды. Тақырып бойынша сөз үйрену, әрине, мұғалімнің басшылығымен, тіпті оқулық үлгілерімен жүргізілуі тиіс. Тақырыптық сөзді жинағанда, деректі зат есімдерге көңіл бөліп, дерексіз зат есімдерді ескерулері мүмкін. Оқушыға тақырыпқа қатысты барлық сөздермен жаттығатындай мүмкіндік жасалуы тиіс.

#### 1.4. Сөздік туралы түсінік

Сөздіктің қай түрі болсын – оқушыға анықтама ретінде падаланатын көмекші құрал. Алайда, сөздіктердің түр-түрі тіл материалына қатысты болғанымен, әрқайсысының мазмұны, пайдалану методикасы бар. Ең қажетті сөздіктермен жұмыс істеу әдістері, жолдары мыналар:

Орфографиялық сөздік – оқушылардың дұрыс жазуына көмектесетін құрал. Оны 4-кластан бастап, оқушы күнделікті оқу жұмысында пайдалануға тиіс. Ол үшін арнайы оқушылар үшін жасалған сөздіктер де бар.

Мұғалім оқушыларға сөздікті пайдалануды үйреткенде класта барлық сөздің жазылуын үйрету мүмкін еместігін, дербес жұмыстармен шұғылданғанда, мазмұндама, шығарма жазғанда жазылуы күмән келтіретін немесе тіпті қиын сөздерді қарап тауып алуға болатынын ұқтырады. Бірақ кез келген сөзді сөздікке қарап жазудан сақтандыру керек. Олай дағдылаған оқушы дұрыс жаза алмайтын болады.

Сондықтан «Орфографиялық сөздікке» сөздің дұрыс жазылуы туралы күмәнданғанда ғана қарауын ескерткен жөн. Сонымен бірге орфографиялық сөздіктен бас әріппен жазылу не жазылмауы туралы, тасымал, тыныс белгілерін іздемеуді ескертіп отыру керек. Сөздіктен қажетті сөздерді тез табу – алфавит тәртібін жақсы білуге байланысты. Сондықтан мұғалім сөздікті пайдалану оқушының өз еркіндегі жұмыс деп қарамай, оған дағдыландырып отыру керек. Мысалы, емлелік ережені өткен соң, оның мысалдарын сөздікпен салыстырып таптыру, жаттығу не басқа жазба жұмыстарына дайындық жүргізіліп жатқанда «Қане сере қойыңдар» дегендей сұрақпен тез орындауды қадағалаудың тиімді жағы мол.

Сонымен, орфографиялық сөздікпен жұмыс істеу процесі ешқандай тақырып таңдамайды, ол – тіл материалын үйренуге қатысты барлық кезеңде қолданылатын көмекші құрал.

Түсіндірме сөздік– сөз мағынасы мен сөздің қолданылу аясын үйрететін құрал. Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс істеу оқушының сөздік қорын молайтып, танымдық, білімдік жағынан білімдерін жетілдіреді.

Түсіндірмелі сөздікпен өз мәнінде жұмыс жүргізілмей келеді.

Түсіндірме сөздікте, әдеттегідей, сөз мағынасын және оның қолданылу аясын көрсететін мысал берілумен бірге, басқа да белгілер болады. Оқушы сөздің қай сөз табына жататынын, қай стильге қатыстығын немесе жалпылама қолданылатынын, жергілікті көңерген сөз екенін білдіретін белгілермен танылады. Мысалы,

Әліппе, Зат, 1. Алғаш хат тынытуға арналған кітап. Қолға алдық қуанып, Тұңғыш рет әліппе. (С.Мауленов.)

Аю, зат, 1. Ірі денелі аң. Екі дос келе жатып бір аюға ұшырасыпты. (Ы.Алтынсарин.)

Ашулы, Сын. Ызалы ашуланған, Абай ашулы үн мен енді әмір ете сөйлейді. (М.Әуезов.)

Бірінші сөзге берілген түсінікті мұғалім былайша талдау жасайды: 1) түсіндірілетін сөз; 2) грамматикалық белгі; 3) түсінік, сөздің мағынасы; 4) сөздің қолдануын көрсететін мысал.

Екінші, үшінші сөзді оқушылар өзі оқып танысады да, оған мысалдар келтіреді. Сөздік құрылысымен осылай танысқаннан кейін мұғалім:

- Түсіндірме сөздік не үшін қажет? – деген сұрақ береді. Оқушылар сөздің қай сөз табына жататынын, яғни оның лексикалық мағынасын білу үшін қажет екенін айтады. Сонан кейін мұғалім түсіндірілетін сөзге қарап, оның қалай жазылатынын еске түсіреді.

Сөздің көп мағыналылығын, ауыспалы мағынасын өткенде түсіндірмелі сөздікті пайдаланып, сөз мағынасы біреу ғана болса, бір түсінік берілетінін, ауыспалы мағынасы болса, ауыспалы деген белгімен мысал берілетінін, ал ол сөздің омонимі болса, жеке сөз ретінде жазылатынын ұқтыру керек.

Мұғалім тақтада немесе арнайы плакатта жазылған төмендегідей үлгіні ұсынады.

Аудар. – ет. 1. Қопару, төңкеріп тастау. Күрекпен ол жердің шымын аударды олар салып күшке.(Т.Жароков.)

2. Басқа жаққа ауымтыру, көшіру.Бір жерден екінші жерге аударғанда, қой жылдам жерсінеді.(М.Ермеков.)

Ауыспалы әңгіме бағытын өзгерту. Ол әңгімені басқа тақырыпқа аударды. Атын аударып алды. Атын тартып алды. Жол бой атын аударып ап, ағайдың өзі жаяу кететін.

3. Аудар.– ет. Бір тілдегі сөзді екінші тілде айту (жазу.). Степаның сөзін Жүсіп қазақшаға аударды.

Осы үлгі бойынша көп мағыналы, ауыспалы мағыналы сөздің, олардың фразеологиялық тіркесте қолданылуын, омонимін көрсетіп, талдау жасалынады.

Ал антоним, синонимдер арнайы түсіндірме сөздікте берілмейді. Тек кейбір түсіндіретін сөздің түсінігі синоним не антониммен берілуі мүмкін. Мысалы, жоғарыда берілген үлгідегі «аудар» деген сөздің түсінігін қопару деген синонимімен беріледі. Әрине, бұлай түсіндіру балаларға қиындау. Сондықтан бұл тақырыптарды өткенде синоним, антоним сөздігінен 1) мысалдарды пайдалану қажет.

Түсіндірме сөздікті лексикалық ұғымдарды түсіндіруде де пайдалануға болады. Өйткені оқушылар әр пәнді оқумен орай жана сөздерді жиі кездестіреді, екіншіден, түсіндіретінсөзден кейін сөз табын білдіретін белгіден кейін ир.(иран), ар. (араб), мед (медицина), авиа.(авиация), сөйл.(сөйлеу тілі), кітаб (кітаби), диал.(диалект) сияқты белгілерге қарап, басқа тілден енген сөздерді, кәсіби сөздерді, көнерген, диалектизмге, сөйлеу тіліне жататын сөздерді ажырату дағдысы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, сөздікпен жұмыс істеу оқушылардың білімін кеңейтіп, сөз байлығын арттыруға, сауатты жазуға, дұрыс, жүйелі сөйлеу дағдыларының қалыптасуына көмектесетін әдіс. Сондықтан мұғалім сөздікпен жұмыс істеуге айрықша көңіл бөліп отырғаны жөн.

## II ТАРАУ. Қазақ тілі сабағында жаңа технологиялық үлгіде сөз мағыналарын үйрету жолдары

### 2.1. Сөз мағыналарын инновациялық технологияларда оқытудың тиімділігі

Лексика туралы жалпы түсінікті өткенде, мұғалім сөз мағыналарындағы өзгерісті кесте арқылы түсіндіргені жөн. Тіліміздегі сөздердің бір күн, бір жыл немесе он жыл ғана өмір сүріп қоймайтындығын, бірнеше мыңдаған жылдар бойы өмір сүретіндігін, қолданылу барысында тіл өңделіп, жетіліп, кейде жойылып, кейде түрлі өзгеріске түсіп отыратындығын, бірақ бұл құбылыс өте баяу жүретіндігіне мысалдар арқылы көз жеткізген дұрыс [3]. Бұған кесте көмекке келе алады.

Реті	Түрлері	Мысалдар
1	Сөздің мағынасы да, дыбысталуы да толық сақталған түрі	Ата, ана, ақ қара, кел, бар, күн, адам т.б.
2	Мағынасы сақталған да, сыртқы дыбысталуы өзгеріске ұшыраған	Йер (жер), йасыл (жасыл), көкбөрі (көкпар), товар (тауар), сұғ (су) т.б.
3	Дыбысталуы сақталған да жеке өзіндік мағынасы жойылған	Асты, үсті екен, еді, соң, -ау, -мыс, бері т.б.

Бұл кестеде сөз мағыналарының өзгеруін көре аламыз. Бір айта кететін нәрсе: кестедегі рет саны екінші қатардағы мысалдарды оқушыларға түсіндіріп, оларға ол жөнінде мәлімет беруге болады, бірақ оларға осы тәріздес мысалдар теріп жазып келіндер немесе біліп келіндер деп тапсырма беруге болмайды. Мәселен, товар деген сөздің орыс сөзі емес,

көне түркі тілінде (оны М. Қашқари сөздігі дәлелдейді) бар сөз екенін,оның орыс тілінде қолданылатынын мұғалім ғана білуге тиіс екенін, оқушының білмеуі заңды екенін ескеру керек және осындай сөздерді өзің біліп кел деп тапсыру сыйымсыз болады.Кестедегі рет саны бірінші картадағы мысалдарды тіліміздің сөздік қорын құрайтын сөздер бойынша толықтыруға болады. Ал рет саны үшінші картадағы сөздерге тіліміздегі көмекші сөздер – көмекші есімдер , көмекші етістіктер, шылаулар жататындығын ажырата алса және өздері мысалкелтіре алса жеткілілікті [4].

Лексикаға қатысты жаттығулардың бірінде (34 әр сөздің грамматикалық белгілерін – қай сөз табы , қандай сөйлем мүшесі, қандай формада тұрғанын дәлелдендер деген тапсырма берілген. Бұның лексикаға қатысы болмаса да, оқушылардың 4- сыныпта өткендерін жаттығу жұмысы арқылы қайталау мақсаты көзделінді және сөздегі лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналардың бір еместігін, грамматикалық мағынаны грамматикалық форма беретіндігіне алдын ала жүргізілген қажетті тапсырма деп ұққан жөн.

Ана тілі жайлы жазылған өлең оның соңынан берілген тапсырма бұдан бұрынғы орындатқан тапсырмаларды қайталаған сияқты болмау үшін, ақынның айтқандарын шумақ-шумақпен анықтап, ана тілі жайлы өздері жазған шығармаларымен құрастырған мәтіндерінде осыларды айта алды ма, әлде ұмыт қалдырды ма, осы жайында чсараптай алсын, жаттығуды жаппай орындау міндетті емес: тауып жаза алғандар ғана жазсын.

Сөз мағынасын оқытқанда сөзбен мағына деген үлкен бөлімді оқытуды бастамас бұрын сөз мағынасын айырудың тілді үйретуші мен қолданушылар үшін мәні зор екенін мұғалімнің сөзбен айтып түсіндіруі бір басқа, сөз мағынасын түсінуге көмектесетін сөздіктерді сабаққа алып келіп, көзге көрсетіп, олармен жұмыс жүргізудің нәтижесі бір басқа болмақ.Сөздік

оқушылардың бәріне бірдей жете бермейтін болғандықтан, сыныпты бірнеше топқа бөліп, сөздіктер тауып беріп, топпен жұмыс жүргізген жөн. Айталық, құралай сөзі нені білдіреді деп оқушы сұраса, қыздың аты деп жауап бере салмай киіктің лағы екенін оқушыларға түсіндіріп айтып жөткен жөн сияқты. Немесе әй, дер әже қой дер қожа жоқ деген тұрақты тіркес ертеден келе жатыр. Бұның мағынасын түсінбейтін қазақ жоқ осы тіркес ішіндегі «Әжеге түсіндірмелік сөздікте: «Әже-ауылдың сыйлы құрметті адамы» деген түсінік берілген. Олай болса, ол ажа деген сөз емес екен» ендеше сөз мағыналарын тарихи тұрғыдан түсіндіретін «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін», Ә. Нұрғаманбетовтың «505 сөзі», Р. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді», дейтін кітаптарымен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» қатар, ұштастыра пайдаланған дұрыс. Бұл үшін оқушылардың арнайы оқу дәптері болуы керек. Сөздік дәптерге түсірілген сөздер саны бойынша жарыс ұйымдастырып, отыру да артық болмайды. Жарыс ойын түрінде өткізіледі. Сынып оқушылары үш топқа (командаға) бөлінеді: бірі-жас «Сөздер тобы» яғни тілімізге жаңадан еніп жатқан жаңа сөздер, екіншісі-«қарт» сөздер тобы, яғни бұрыннан қолданылып, келе жатқан сөздер, үшіншісі – қартайып барып қайта жасарған сөздер. Қай топ сөздерді көбірек тауып келтірсе, сол топ жеңіске жетеді. Әрине, бұлардың саны бірдей болмайды, әсіресе топтағы сөздерді табуға мұғалім алдын ала дайындық жүргізгені дұрыс. Оқулықта 37-жаттығу солдайындық үшін берілген. Мұндай жарыс-ойынды КВН-ге айналдыруға болады. КВН де сол сөздермен сөз тіркес терін, сөйлемдер мен мәтін құрастыру тапсырмалары қамтылады [5].

41-жаттығу ес, зерек, ойлау тәрізді абстрактілі ұғымдардың мағынасын білгізу үшін беріліп отыр. Бұл сөздердің мағынасын «Түсіндірмелік сөздіктен» қарап анықтаған жөн. Мұнымен қоса, Абайдың 31-қара сөзі бұл сөздердің мағынасын түсінуге көмегін тигізеді. 31-сөзді тұтастай немесе авзацтарға бөліп жазып, кабинетке көрнекілік іліп қойса да болады [6].

Сөздің тура және ауыспалы мағынасын түсіндіргенде, көп сөйлеп, оқытушыларды шаршатып алмас үшін оқушылардың өзін қатыстыра отырып, әңгімелеген дұрыс. Оқушыларды әуел баста –ақ топ топқа бөліп қойған жөн. Сонда әр оқушы қай топта екекнін күні бұрын біліп, дайын отырады. Бір топтағы оқушылар тура мағыналы сөзді айтады, ал екінші топтағы оқушылар сол сөз емін еркін қарым-қатынасқа түсе алатын, яғни тіркес құрай алатын сөздерді атайды. Әр-бір тура мағыналы сөздің қанша сөзбен тіркес құрағандығы тақтаға жазылып отырады немесе тура мағыналы сөз тіркестер тырнақша «Қоржынына» салынып отырады. Осыдан кейін келесі топ ауыспалы мағнада жұмсалатын сөздерді айтады да, басқа тоаптар сол сөздің қарым қатынасқа түсе алатын сөздерін атап, тіркес құрайды. Соның бастапқы мағынасымен құралған тіркесті ойынды жүргізіуші анықтап, тура мағыналы сөз тіркес терінің қатарына қосады. Ауыспалы мағынасымен құралған тіркестер келтірінді мағыналы сөз тіркестер тырнақша «Қоржынына» салынады [7].

44-жаттығудағы Абайдың «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде сөз өнеріне қойылатан талаптарды анықтау оқушыларға оңай тимейді. өлең бойынша, ең алдымен, ауыспалы мағыналы сөздерді: Сөз патшасы, сөз сарасы (Сара деген сөз мағнасына көңіл бөлу керек), тілге жеңіл, жылы тию, жұмыр келу, бөтен сөз, іші алтын, сырты күміс, сөз жақсысы деп анықтап, бастапқы мағнасын айтып бере алса болғаны. Содан кейі мұғалімнің Абайдың айтуынша өлең қандай болу керек? деген сұрағына жауап берсін.

49-жаттығуда Ғ.Мүсеріповтың сөзі берілген. Ондаға мақсат –ауыспалы мағыналы сөздерді тапқызу ғана емес , ойдың биіктігі, адами сезім деген тіркестердің мәнін ұғындыру. Үнемі биікке ұмтылу, жоғары мұраттарды мақсат ету, ешкімнің табанының астында қалмау-жазушының өзіне де

замандастарына да, өкшелес буын мен кейінгі ұрпаққа да бағыттап айтқан ұлы арманы екені белгілі [8].

Егер оқушылардың әрқайсысы әр түрлі жауап беріп беруі F. Мүсірепов сөзіндегі адами сезім-аталық, екіншісі-ұстаздық, үшіншісі-достық, төртіншісі- жанашырлық, бесіншісі-ұлылық т.б. деп жауап беріп жатса , оларды түзетем деп әуре болудың қажеті жоқ, себебі бұл мәтінде жағымды адами сезімдердің бәрі бар.

50-жаттығуда берілген А. Тоқпановтың мәтінінде ауыспалы мағынада жұмсалған сөз тіркестерін оқушылардың бәрі бірдей таба алмауы мүмкін. Осы сипаттағы жаттығуды мүмкіндік деңгейінің тапсырмаларын орындай алатын оқушыларға жүктеген дұрыс.Міндетті деңгей үшін ауыспалы мағына түрін құрап тұрған ұшқын, оятқан , қанат бітірген, жүйрік, шебер, қоңыр, шоқ тастап, мектеп, ұйып сөздерінің сатын сцзып беріп, қандай сөздермен тіркес құрап тұрғанын тапқазу да жеткілікті. Осы тіркестерді оқушы лексикасына енгізу үшін сөздік дәптерге немесе арнаулы дәптерге жазып жүруін қадағалау қажет.Сонда ғана жай жаттығу көлемінде ұмытылып қалып қоймайды.

## **2.2. Көп мағыналы сөздерді оқытудың тиімділігі**

Көп мағыналы сөздерді оқытқанда көп мағыналы сөздерді оқушылар көп жағдайда омоним сөздермен шатастырыды. Көп мағыналы сөздердің омоним сөздермен ұқсастығы – екеуінің де бірдей дыбысталатындығы, айырмашылығы- көп мағыналы сөздер мағыналары жағынан жақын болып келетіндігі, ал омоним мағыналары жағынан басқа- басқа болатындығы. Көп мағыналылық – бір сөздің әр түрлі контексте әр түрлі мағына беруі. Көп мағыналылыққа жататын сөздердің мағыналары арасында мағыналық байланыс, жақындық, ортақтық болады.Ондай жақындық, ортақтық сөздің негізгі, тура мағынасынан шығады. Мағыналық жақындықты айыру үшін ,

Сөздің келтірінді мағыналарын негізгі мағынасымен салыстыра қарағанда түсінікті болады. Мәселен , адамның басы дей отырып , төбенің басы , таудың басы, жұмыс басы , бұлақ басы дей береміз, көйлектің етегі дей отырып, таудың етегі дейміз. Мұндағы бірінші тіркестегі сөздер-өздерінің тура мағынасында, соңғы тіркестегі сөздер ауыспалы мағынада тұр. Бұлардың әрқайсысы әр түрлі сөзбен аталмай , бірақ сөзбен айтылуында бір заңдылық бар. Ол – ұқсастық заңдылығы. Мәселен, көйлектің етегі бірнеше метр – ақ болсын дейік, ал таудың етегі ондаған, жүздеген шақырымға созылуы мүмкін. Бірақ көйлектің етегімен таудың етегіндегі ұқсастық – екуіде заттың ең төменгі жағы, төменгі бөлігі. Көп мағыналы сөздерде айыру үшін және оқушылар шатаспай ажырату үшін сөздердің мағыналарының арасындағы осындай ұқсастықты, ортақтықты іздеп, таба білу қажет. Оқушылар мағыналық жақындығы бар сөздерді жаттанды емес, саналы түрде айыра білу үшін, олардың өз айналасындағы, жүрген ортасындағы бірдей атаумен аталатын ұқсас, жақын, ортақ нәрселерді тапқызып көру қажет [9].

Осы жұмыстарды орындатқан соң, мәтіндердегі, сөйлемдердегі көп мағыналы сөздерді тапқызып жөн.

Ақанның Құлагері жайында айтылған мәтіннен көп мағыналы сөздерді табындар деген тапсырманы орындату оңайға түспейді, себебі мәтінде көп мағыналы сөздер қатар, жарыса қолданылып тұрған жоқ. Әуелде оқушылар мәтінде қатар қоланылып тұрған көп мағыналы сөздерді іздейтіні белгілі. Дағдарып қалған оқушыларға мұғалім ән аяқталғанда деген тіркесті мысалға келтіріп, аяқталғанда сөздің тағы басқа қандай сөздермен тіркестіруге болатынын естеріне салу керек.

Тапысмада көрсетілгендей, осы мәтіндегі оқылғаны диалогсіз баяндап жазудың не айтудың өзіндік тәсілдері бар, олар: бірінші жақтан баяндауды үшінші жақтың формасына тсіріп баяндау, төл сөзді төлеу сөзге айландыру. Мәселен, Ақан жиналған жұртқа бір-екі ауз өлең айтып бермекші болып,

домбырасын қолына алдыда, «Маң-маңгерді» шырқап берді. Жұрт бір-біріне сыбырласып, бұл әннің ақының өзінің құлагеріне шығарған әні екенін, аты да дәл тауып қойылғанын, тіпті аттың желмайадай жүрісінде әнде айнытпай берілгенін айтты [10].

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың жолдарын бесінші сынып оқушылары білмейтіндіктен, мұғалім кез-келген диалогты мысалға алып, ғылымы түсініксіз ақ төл сөзді төлеу сөзге айландырып ауызша айтып көрсеткеі жөн. Мұнысз тапсырма нәтижелі орындалмай қалады.

Көп мағыналылыққа қатысты соңғы жаттығулардың бірінде «Сөздің көп мағыналылығын тілдегі рөлі қандай?» деген мәселе төңірегінде өз ойын айтқызу үшін мынадац сұрақтар қажет:

1. Көп мағыналы сөздердің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндіктері қандай?
2. Бір сөздің көп мағыналы болуының себебі неде?
3. Көп мағыналы сөздерді сөздік ретімен жазар болсақ тіліміздегі сөздердің саны молайарам еді?
4. Көп мағыналы сөздер тек тура мағынасында қолданылама әлде ауыспалы мағынада да қолданыла ма?

Омонимдер мен синоним сөздерді оқытқанда омонимдердің омоним екеніне көз жеткізу үшін ондай сөздерге сионим іздеп көру керек. бірдей дыбысталатын, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздерге синоним мағыналы сөздердің ешқандай қатысы болмайды. Мысалы, ат – есім, ат – жылқы, ат – мылтық ат деген етістіктік мағынада ешқандай синоним, ешқандай көп мағыналық ортақтық байланыс жоқ.

Омонимдермен синонимдерді салыстырмалы түрде оқыту қажеттігі мынада:

1. омонидердің дыбысталуы бірдей болуы керек болса, синонимдердің дыбысталуында өзгешелігі болуы керек;

2. омонимдер әр түрлі сөз табына қатысты болса синонимдер бір сөз табына қатысты болады;
3. синонимдер мәтінде бірдей сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарса, омонимдер әр түрлі сұраққа жауап беріп, басқа-басқа сөйлем мүшесінің қызметін атқарады;

Мұндай қорытындыны оқушылардың өздеріне де жасатуға болады. Ол үшін омонимдерді бір бағанға, синонимдерді екінші бағанға жазып, олардың дыбсталуына назар аудару қажет. Мұнан кейі олар қандай сөз таптарына жататынын ажыратып жазады. Соңында әр қайсысын сөйлем ішінде келтіріп, сұрақтарын қойғызып, қандай сөйлем мүшелерінің қызметін атқарып тұрғанын талқыланады [11].

Мұнымен қатар, синонимдер тақырыбын оқытқанда оқушылардың сөйлеу, жазу дағдысында ең қажетті белгілердің бірі – синонимдік қатарға енетін сөздердің бірәзі бірінің орынына бірі қолданылса, кейбіреулерінің басқа сөздермен тіркесу қабілеті шектеулі болатындығы. Оқушылардың сөздерін орнымен қолдану біліктілігін дамытуда синоним сөздерді қолдану мүмкіндіктеріне қарай пайдалана білуге төселдірудің мәні зор. Синонимдік сөздіктен теріп жазған синонимдік қатардағы сөздердің әр қайсысын байланысуға қабілетті сөздермен тіркестіріп, сәтті сөз тіркестері және сәтсіз сөз тіркестері деп топтаған әрі қызық, әрі тиімді тәсіл.

«Шежіре үйрету» мәтінін оқытудың мақсаты рушылдыққа бөліну емес, ауыз біршілікке үндеу, ағайын, туыс жекжат, ауыл адамдарының арасында татулықты сақтау, мұнымен қоса тарихын жетік білу мақсаты көзделеді. Осы жағдайды оқушыларға баса ескерткен жөн. Оқушыға өзінің жеті атанды атап бер деген тапсырманы кеңейтіп, әдеби ғұмырнамалық кешке айландыруға да болады.

Шежіре үйренуден басталған ойдың желісі синоним тақырыбына қатысты бүкіл жаттығулардың өн бойында сақтала отырып, 85-жаттығудағы өз өмір баянын шығармашылық пен жазып шығу жұмысымен қорытындыланады.

Антонимді оқытқанда көңіл бөлетін нәрсе – антоним сөздердің қатар қолданысы мәтіннің көркемдік қуатын арттыратын қарама-қарсы ұғымдағы сөздердің қатар қолданысы мәтіннің көркемдік қуатын арттыратыны. Қарама – қарсы ұғымдағы сөздерді салыстырмалы сипатта жұмсау шешендіктің ең үздік тәсірлерінің бірі болған. Мұндай тәсіл суреттеп отырған заттар мен құбылыстардың қасиеттерін айқын көрсетіп, әсерлі жеткізген.

Шешендік ғылымында оны антитезалы суреттеу дейді. Құбылыстарды қарама-қарсы қойып суреттеуге оқушыларды төселдіру үшін халық ауыз әдебиетіндегі үзінділерді, шешендік сөздерді пайдалану керек. Мысалы: «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүніс пен Қартқожақтың сөйлесуі, Байдалы бидің «Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар», Төле бидің «Халқыңа әділ бол», тағы басқа шешендік сөздері [12].

Осындай материалдарды оқытып, талдатып, оқушылардың көңіл-күйін, ақындық (поэтикалық деген мағынада шартты түрде алынып отыр) шабытын көтеріп тастағаннан кейін өздері де мысал келтіруге дайын болады. Мысалдарды оқушыларға таныс ортада, белгілі нәрселерден іздеттіру қажет. Мысалы: *ақ қар-қара жер, ыстық бу-суық су, ақ жүрек-қара жүрек, үлкен-кіші, жылы қабақ-салқын қабақ, т.б.*

Осылайша тура мағыналы және ауыспалы мағыналы тіркестерді тауып құрастырғаннан кейін, сол тіркестерді айқындауыштық сипатта кеңейтуді тапсырған жөн: қараңғы түн-жарық түн; тастайқараңғы немесе көзге түртсе көргісіз, қараңғы түн – сүттей жарық немесе айлы жарық түн; батыр адам – қорқақ адам; арыстандай айбатты батыр адам – қоян жүрек қорқақ адам; жылы хабар – суық хабар; жайлы (жағымды, жылы) хабар – суық хабар т.б.

Келесі орындалатын жұмыс түрі – осы тіркестерді сөйлем және мәтін ішінде қолдану.

Табу, эвфемизм мен дисфемизмдерді оқыту.

Табу (ағылшын taboo – қасиетті, тыйым салынған) – наным- сенімге, әдет-ғұрыпқа байланысты сөздердің балама түрінде айтылуы.

Табу сөздері оқушылардың бәріне бірдей белгілі емес; ауылдың балалары ата – енесі, қайындары мен қайын сіңілдеріне ат қойған жеңгелердің сөздерін естіп өссе, қала балаларының көбісіне мұндай сыпайыгершілік атаулар белгісіз. Табиғат құбылыстарына қойылған атаулар мен аурулардың өзгертілген аттарында мұғалімнің жинастыруына тура келеді. Бұларды көркем әдебиеттен көптеп табуға болады [13].

Табу мен эвфемизм қате түсінік пен ескі көз қарастан тумағанын, қайта әдепті, сыпайы сөйлеуден туғандығын оқушылар жете түсінуге тиіс. Эвфемизмнің мағынасы (грек eu – жақсы, rhemi – айтамын) – сыпайы сөз, мағынасы тұрпайы сөздеді сыпайылап жеткізу. Эвфемизмдер – сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған сөздер, ол –тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі. Мысалы, адамның дене мүшелеріндегі кем-кетікті жеңіл сөздермен алмастырып қоланады (саңырау – құлағының мүкісі бар). Ол әдетте фразеологизмдер түрінде болады. Мысалы, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты – сөзге келді, тіл тигізді, жүз шайысты сияқты тұрақты тіркестер ұрысты, ренжісті, ауыр сөздер айтты деген мағынаны білдіреді. Олай болса, эвфемизмдерді фразеологизмдер тобынан да іздеуге болады деген сөз [14].

Дисфемизмдер – оқулықта айтылғандай, тілдің әдепті сөзді әдепсіз сөздермен ауыстырып айту. Белгілі бір контексте жөнімен, дұрыс жазылған сөздің мағынасын неғұрлым дәрекілеу сөзбен алмастыру – сөзді ауыспалы мағынада (троп) қолдаудың бір түрі. Мысалы: Бұт артары мен шаңырақ

саларын жауға берді. (К.Оразалин). Өздерің бір-бір тулақтарыңа мініп- ақ шапқылап кетерсіңдер. Жеңілетініңді білетін болсаң, сен бес қырт атанар ма едің? (М.Әуезов). Осындағы бұт артар деген «көлік» орнына, шаңырақ салар «күш көлік» (түйе, өгіз) орнына, тулақ «мінетін ат» орнына, қырт «көк мылжың» дегеннің орнына жұмсалып отыр. Сол арқылы сан қилы жағымсыз эмоциялық мән тудырған. Осыдан аңғарғанымыздай, дисфемизм кез келген жазушының – ұлы болсын, кіші болсын – көркем шығармаларында кездесетін. Бұлар көбінесе ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкердің тілінде ұшырасады. Сол арқылы әр жазушы өз қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды.

Әдістемеде бұл мәселеге көбірек тоқталып, кең мәлімет беріп отырғанымыз – бұл тақырыптың кеңінен зерттелмегендігіде кез келген жерде жиі айтыла бермегендігінде. Бұлар жайында сөз қозғап, қазақ тілі лекциясы құрамында қарастырған - Ә Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиев қана.

Эвфимизм сөздер мен дисфемизм сөздерді бір бірінен ажырату, олардың қолданылу мақсатын білу тіл мәдениеті үшін өте-мөте қажет. Сондықтан оқушыларға қандай сөздер екеніне ғылыми түсінік беру жеткіліксіз. Эвфимизмдер мен дисфемизмдерді сөйлеу тілі мен байланыстыра алып, талдату қажет. Ол үшін не істеу керек? Эвфемизмдер мен дисфемизмдерді көркем әдебиеттен көптеп тапқызып бұл сөздерді қолданушы кейіпкерлерге мінездеме бергізген жөн. Сөйтіп сыпайы, әдепті сөйлеушіні мәдениетті деп тауып, оны өнеге тұтып, дәрекі сөздерді көп қолданушы кейіпкерлерге мінездеме берілген жөн болады. Сыныпта бір-екі апталық немесе бір айлық сөйлеу этикетінен сынақ өткізіп, оқушыларды жауапты сөйлеуге шақыратын жұмыс түрлерін жүргізу әбден орынды болмақ.

### 2.3.Тұрақты тіркестері және сөйлеммен жұмыс істеу жолдары

Тұрақты тіркестер мен мақал- мәтелдерді оқытқанда, оның не екенін , қандай белгілері бар екенін, білгізіп қана қоймай, тұрақты тіркестерді оқушының сөздік қорына көптеп енгізуді, сөйлеу мен жазу дағдысына .белсенді түрде жұмсау мақсат ету керек.

Ол үшін фразеологизмдерді әрбір сөз табына қатысты алып,»Кім көп біледі» жарысын топтар арасына өткізіп, отырған жөн болады. Фразеологиялық синонимдер және фразеологиялық антонимдік сөздік кітабын оқушылардың өздеріне құратуға болады.( көбіне демалыс күндеріне арналған тапсырма ретінде беру керек. Сыныпшілік немесе мектеп ішілік тапсырма ретінде « кім фразеологизмдерді белсенді түрде қолданады» деген апталық жарыс өткізу өте пайдалы.

Тағы бір айта кететін нәрсе – фразеологизмдер тұтастығының сақталуы. Сөйлем ішінде фразеологизмдерді тауып, талдағанда, оның әрбір сыңарын жеке-жеке сөз табына жатқызып талдауға болмайды. Мысалы, Дәл осылай болады деген Бектің үш ұйықтаса түсіне кірмеген болатын. Деген сөйлемде фразеологизм-үш ұйықтаса түсіне кірмеген болатын. Бұны үш-сан есім, ұйықтаса етістік , түсіне- зат есім, кірмеген болатын- етістік деп талдау -үлкен қате. Сол сияқты кірмеген болатын – баяндауыш, түсіне- толықтауыш, үш ұйықтаса- пысықтауыш деп талдауға да болмайды. Дұрысы мынау: үш ұйықтаса түсіне кірмеген болатын- күрделі етістік, сөйлемдегі қызметі- баяндауыш [15].

Оқушыларға фразеологизмдердің біртұтас тілдік құбылыс екендігін білгізу қажет болса, олар сөйлемде,мәтінде даяр калпында қолданылатынына көз жеткізу керек болса, оқулықта тапсырма ретінде берілмесе де, кей- кейде фразеологизмдердің қай сөз табына жататынын,

қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын талдату артық болмайды.

Кейбір мәтінде кейде фразеологизмдердің арасына басқа сөз еніп кетіп қолдану құбылысы кездесіп қалады. Оны жазушы белгілі бір стильдік мақсатта өзгертіп жұмсайды. Мысалы:

Есіткенде бұл сөзді  
Жасыды менің сүйегім.  
Көзімнің жасы егілді,  
Қабырғам менің сөгілді.

Қосалқы сыңарлар фразеологизмдердің алдына не соңына, не арасына сыналып енгізіледі. стильдік мақсатта (оқиғаны нақтылау үшін, ойды ұлғайтып, қоюландыру үшін, контексті әзірлеу үшін т.б.), жұмсалғанда, фразеологизмдердің өзгеріске түсіп қолданылуы қате емес, қайта қажет құбылыс болады. Мұндай жағдайда тұрақты тіркестерді жақсы білетін оқушылар мәтіннен фразеологизмдерді дәл тауып алады оларға үстелген қосымша тілдік элементтерді қатесіз ажырата алады.

Мақал мен мәтел халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде болатын әртүрлі жағдайларды ұғындыратын, түсіндіретін оқу құралы іспетті. Мақал да, мәтел де- түйінделген ой қорытындысы. Онда жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады, түрі жағынан тілге жеңіл, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғақ- ұйқасқа құрылады, көбінше көркем тілмен- өлеңмен өріледі.

«Мақал мен мәтел-егіз жанр, туыс жанр», - дейді Б. Адамбаев. Дегенмен, мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне қарағанда әрқайсысының өзі не тән ерекшеліктері де бар. Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. Мысалы: Оқу инемен құдық қазғандай [16].

Мәтел жеке тұрып тиянақты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ойды, пікірді ажарлау, айқындау үшін қолданылады,эпитет, теңеу қызметтерін атқарады.Мысалы: Ат қайыр , айдар тағып. Көргеннен көз ақты.

Мақал – мәтелдерді оқытуда есте болатын нәрсеынау: мақал-мәтелдерді оқушылар айыра алады, жатқа да айта алады, бірақ сөйлеу не жазу дағдысына сөйлем ішіне еркін кіріктіре енгізіп кете алмайды. Мақал-мәтелдерден жинақтаған бәлімін өмірде кіріктіре қолдана салу оңай шаруа емес Мұғалімнің міндеті оқушылар мақал- мәтелдерді деп, дегендей көмекші етістіктер арқылы кез келген тақырыпта, мәтінде ой толғай алуға төселдіру болып табылады. Бұл да оңай жұмыс емес. Кейде мақал- мәтелдер енгізілген мәтіндерден үзінділер, мейлі олар автор сөзі болсын, жаттатқан жөн, шешендік сөздерді жатқа айтқызған орынды. Сонда оқушылардың ойы да тілі де жаттығады.

Сөздік қор дегенде оқушы қазақ тілінің байлығы мен тазалығын түсінуі керек және ұлттық сөз өрнектері деп қабылдау керек . Сөздік қор тақырыбына қатысты қосымша теориялық мәліметтер беріледі. Қосымша мәліметті оқушының оқу- оқымауы өз еркінде. Яғни бәріне бірдей осыны біл деп міндеттеуге болмайды. Қосымша мәлімет, негізінен, тілге қызығатын оқушылар үшін беріледі. Ұлттың тұрмыс- тіршілігіне , ұғым- түсінігіне, мінез-кұлқы мен наным- сеніміне, ұлттық салт – дәстүрлер мен тәлім-тәрбиеге қатысты сөздердің бәрі (этнолингвистика) сөздік қорда болатынын пайымдаттыру қажет.

Сөздік қор тақырыбына арналған жаттығулардың днеі осы мақсатты көздейді.Оқушылардан ең басты мәселені талап етуді ұмытпаған жөн: ол- оқушының өзі білмейтін сөздерін (жаттығулардағы) сөздік дәптерлеріне жазып, жаттап алуы, сөйтіп өзінің сөздік қорын байыта түсуі [17].

Қазақ тілінің сөздік құрамын өткенде, бірінші өтілетін тақырып-қазақтың байырғы төл сөздері. Осы байырғы төл сөздердің сөздік қорға

жататынын білгізу үшін сөздік қор тақырыбына жалпы мағлұмат қана берілсе, байырғы төл сөздер тақырыбында сөздік қорға жататын сөздер санамаланып, нақтыланып беріледі.

Көнерген сөздер – қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын сөздер, бірақ мүлде керексіз сөздер емес, оқушылар білуге тиісті сөздер. Өйткені бұл сөздерді олар көркем шығармадан кездестіреді, тарихи деректерден оқиды, мұнымен қоса көнерген сөздер белгілі бір уақыттан кейін, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сәйкес тілімізге қайтып оралуы да мүмкін болатын сөздер. Қайтып оралған көне сөздер қазіргі тілімізде көптеп кездеседі.

Көнерген сөздердің екі түрін тарихи сөздер мен архаизмдерді, әдетте, оқушылар еркін ажырата алмай жатады. Тарихи сөздер -аты айтып тұрғандай, тарихи жағдайларға қатысты айтылған тарихи-қоғамдық атаулар. Тарихи атаулардың қолданысын шамамен кезеңдерге бөліп түсіндіруге болады.

Жаңа сөздерді оқытқанда қоғамдық қатынастардың, ғылым мен техниканың мәдениеттің өсіп дамуына байланысты тілге енген жаңа атаулар, сөз тіркестері мен фразеологиялық оралымдар. Неологизм лексикалық және семантикалық болып екі түрге бөлінеді. Лексикалық неологизмдердің жаңа ұғымдардың дүниеге келуімен бірге пайда болған жаңа терминдер жатса, семантикалық неологизмге калька тәсілімен сөзбе-сөз аудару арқылы төл сөзге қосылған жеке мағынаны айтуға болады. / 1;6 Мысалы: жүйе ( система), қор (фонд), талдау (анализ), шарт (договор), кесте (таблица), шөгінді (осатки) т.б. Олар төл сөзбен аударылғанда негізгі сөздік қордың негізінде сөз тудырудың барлық тәсілдері арқылы жасалады. Мысалы: аялдама, өміршең (жұрнақтар жалғану арқылы), балмұздақ, баспасөз зейнетақы (бірігу арқылы), ғарыш кемесі, жер серігі (тіркесу долымен) т.б.

Неологизм екі түрлі жолмен жасалады: бірінші, бұрын соңды тілде болып көрмеген, жаңа ұғымдардың пайда болуымен байланысты. Мысалы: кино, театр, ғарыш. Екінші, бұрыннан тілде бар атауларды жаңғыртып, жаңаша мән беріп, түрлендіріп қолдану негізінде пайда болады. Мысалы кеден, құжат, құн т.б.

Жаңа сөздерді оқыту кезінде мұғалімге көмекке келетін құралдардың бірі – «Қазақ лексикасындағы жаңа сөз қолданыстар» деп аталатын еңбек бадаға түгел бір кітапты құрайтын сөздерді ұсыну, әрине, дұрыс болмас. Оның үстіне мұндағы көптеген сөздерді қайта қарау керек. Мұның ішіне баланың ұғым түсінігіне жақын келетін немесе оның қолданатын біраз сөздерін «Жаңа сөздер қоржынына» салып қоюға болар еді. Мәселен: автотұрақ, ғарыш кемесі, жолсерік, зейнеткер, кепілдеме, өмірнама т.б. сөздер тақтаның жанына ілінген «Жаңа сөздер қоржынына» салынады да, олармен оқып танысу жұмысы оқушыларға тапсырылады. Бұл оқушылардың өзін-өзі бақылауға және берілген тапсырмаға жауаптылығын тексеруге мүмкіндік береді [18].

#### **2.4. Кірме сөз және оның мағынасын оқыту**

Ал кірме сөздерді оқытқанда бір тілден екінші тілге сөз ауысу құбылысы үнемі болып тұратын және барлық тілдерге де тән құбылыс екенін ұқтыру қажет. Әрбір тіл өз табиғатында өзіндік даму үлгілерін жасаумен бірге өзге тілдік элементтерді де қолдану арқылы өрісін кеңейтеді. Қай тілдің құрамында болсын басқа тілден енген сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, еуропа тілдерінің көбінде грек, латын элементтері көп болса, парсы мен түркі тілдерінде араб сөздері біраз баршылық. Жалпы, белгілі бір тілде басқа сөздердің көп-аздығы ел басынан өткен тарихи жағдайларға байланысты. Түрік иелігінде үш жүз жылдай болып келген балғар тілінде түрік тілінен енген сөздер саны өте көп.

Қазақ тіліне енген кіріме сөздердің тарихы өте ұзақ. ІХ-Х ғасырлардан бастап араб, парсы сөздері кірсе, ХІХ ғасырдан бері қарай орыс тілі арқылы енген интернационалдық сөздердің саны өте көп. Араб, парсы тілдерінің сөздері бірнеше ғасыр бойы қолданылу барысында, өздерінің бастапқы қалпын мүлде өзгертіп, қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп біржолата кірігіп кетті. Мысалы, адам, қоғам, ғалам, ғылым, мәдениет, білім т.б. Осындай құбылысты қазан төкерісіне дейін орыс тілінен енген сөздерден де байқаймыз. Мысалы: болыс, нөмір, сот, қамыт, жәшік, бәтеңке т.б. Кеңестік дәуірде кірген интернационалдық терминдермен кірме сөздер табиғаты біраз өзгешелеу. Орыстандыру саясатының әсерінен орыс тілінен енетін сөздер өзгеріссіз сол қалпында алынуы керек деген қағида қалыптасты. Кірме сөздердің негізінде жаңа сөздерді білдіретін жаңа ұғымдар пайда болды. Ол – халықтардың экономикалық, мәдени қарым-қатынасының негізінде орын алып жататын заңды құбылыс. Ауызша енеген сөздер тұрмыс қажетін өтейтін зат атаулары болса, жазбаша енеген сөздер ғылыми техникалық, әдебиет пен өнер арқылы енген. Тілімізге енген кірме сөздерді қазақ тілі сабағында мұғалімнің және сөздіктердің көмегімен анықтауға болса, керісінше, қазақ тілінен мысалы, орыс тілінен енген сөздерді орыс тілі сабағында мұғалімнен сұрап білуге тапсырма берген жөн. Мұның өзі әрі пән аралық байланысты күшейтеді, әрі оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

Кірме сөздерді игерту барысында орындалуға тиісті маңызды жаттығулардың қатарына кірме сөздердің қазақ тіліндегі синонимдерін тауып жазу жұмысы жатқызылады. Мұндай тапсырма оқушылардың сөздік қорын молайтуға септігін тигізсе, әрі қазақ тілінен бай, оралымды, қолдануға икемді тіл екенін ұғынуға көмектеседі.

Диалект сөздер мен кәсіби сөздерді және терминдерді оқыту.

Диалект сөздер қазақ халқы біртұтас халық болып қалыптаспай тұрғанда қолданылған тайпа тілінің қалдықтары болғандықтан, олардан әдетте тарихи тілдік ерекшеліктерді байқауға болады. Өте ертеде тіліміздің сипаты қандай болғандығын, қандай дыбыстық өзгеріске ұшырағанын диалект сөздерге қарап біраз тұжырымдар жасауға болады. Диалект сөздерді оқытудың тарихи мәні осында. Қазіргі тіл тұрғысынан алғанда, диалект сөздер- қолдануға тыйым салынған сөздер, өйткені олар әдеби тілдің нормасына жатпайды және диалект сөздердің әдеби тілімізде баламасы бар. Әдеби тілдегі баламалары-жалпы халыққа түсінікті, бәрі бірдей қолданатын сөздер. Тіліміздегі әдеби тілге еніп, нормаға түсіп қалыптасқан диалект сөздер де бар. Бұлар- белгілі бір аймақтарға белгілі бір атаулы кәсіптерге байланысты айтылған жергілікті тіл ерекшеліктері. Осы себепті диалект сөздер мен кәсіби сөздерді қатар оқытып, оларды байланыстыратын ортақ жайттарды іздестіріп байқау проблемалап оқытуға жатады. Мұндай зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар оқушыларға бірден берілмейді. Әуелі диалект сөздерді, сонан соң кәсіби сөздерді оқытып, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін танытқаннан кейін, әрбір аймақтағы жергілікті сөздер мен сол аймақта қолданылатын кәсіби сөздерді әбден меңгерген соң іздендіру мақсатындағы тапсырмалар ұсынылады. Мысалы: балық шаруашылығынан әдеби тілге енген сөздерді іздестіріңіз. Олар балық аулайтын аймақтың диалект сөздері болсын. 2. Егін шаруашылығы түрлерінен әдеби тілге енген сөздерді іздестіріңіз. Олар күріш не астық өндіретін аймақтардың диалект сөздері болсын. 3. Мақта шаруашылығынан әдеби тілге енген сөздерді іздестіріңіз. Олар мақта өсіретін аймақтардың диалект сөздері болсын. т.б.

Мұғалім мұндай тапсырмалар оқушылардың ізденушілік бағытындағы алғашқы қадамы болғандықтан және балалардың жас ерекшелігін ескеріп, олардың кез келген алғашқы талпынысын қолдап, марапаттап отырғаны жөн. /3;26/.

Термин сөздерді оқытудағы басты мақсат- оқушылар оларды басқа сөздерден ажырата алуға, яғни сөздің термин екенін тануға және оларды орнымен қолдана білуге үйрету.

Ғылым салаларына қатысты арнаулы терминдерді меңгерту қиын емес. Бұл арада оқушылар күнделікті өтіліп жатқан оқу пәндерінен кездестірген аудармасы жоқ халықаралық сипаттағы сөздерді атап, мағынасын түсіндіріп бере алса болғаны.

Қазақшаланып, орыс тіліндегі терминдерге балама ретінде алынған атауларды оқытқанда, мына нәрсе есте болғаны жөн: ол-тілімізге жаңа сөздер деп танылып жүргендердің біразы осы терминдер екені, яғни екі түрлі жолмен қазақшаланған термин сөздер тілімізге соңғы кезде еніп, енді-енді ғана жаппай қолданысқа түсіп жатқандығы. Тіл мәдениеті үшін балаларға осы терминдердің орыс тіліндегі атауын емес, қазақ тіліндегі қолдану қажеттігін ұғындыру керек. «Тіл тазалығы үшін күрес терминдерден басталады.» деген айдармен тіл апталығын өткізу, онда: газет шығару, түрлі жағдаятта тілдік сайыстарға түсу, кеш өткізу, шағын көріністер қою т.б. жұмыстың түрлерін ұтымдастыруға болады [19].

Лексика тарауына жаңа бір оқу тақырыбы енгізіледі. Ол – сөздердің қолданылу түрлеріне қатысты түрлері. Қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісі жағынан әр түрлі болып келеді. Сөздік қорды құрайтын негізгі лексика стильдің барлық түрлерінде жаппай қолданыла береді, сонықтан оларды жалпылама лексика дейді . жалпылама лексикаға жататын сөздер адам тіршілігіне, күнкөрісіне, тұрмысына қатысты сөздер болғанықтан оларды үлкендерде, кішілерде, ғалымдарда, оқушыларда, журналистеді, заңгерде ,сатушы да банкирде, қысқасы, мамандығына, кәсібіне қарамастан адамдардың бәрі бірдей түсініп қолданылады. Міне, осыған оқушылардың көздерін жеткізу үшін әр мамандықтың иелерінің сөйлеген сөздерінен үзінділер жинапқызып немесе оқулықта берілген әр түрлі сипаттағы

(тақырыбы мазмұны әр түрлі) мәтіндерден үзінді келтірткізіп, олардың бәрінде бірдей қолданылған ортақ сөздерді тапқызуға мұғалім уақыт таба білуі керек.

Қолданылу өрісі тар лексиканы оқыту кезінде кәсіби сөздермен тарминдерген және диалектілерге қайта оралуға тура келеді. Мұндай қайталау олардың қолданылу өрісін кеңейтіп түсіндіру тұрғысынан ғана болуы керек. кәсіби сөздер деген не ? термин сөздер деген не? Диалекті деген не? Дейтін сұрақтарға жауап беру тұрғысынан емес, кәсіби сөздерді кімдер, қашан, қайда қолданылады, терминдерді кімдер қашан қолданылады, диалекті сөздерді кімдер қайда қолданылады дегендерді анықтау мақсатын көздейтін жұмыс түрлері жүргізілуі тиіс. Диалекті сөздерді қосып сөйлеушілерді қаланың болсын, ауылдың болсын оқушылары іздеп тауып, одан интервью ала алмайды, өйткені оқушылар да сол аймақта тұратындықтан, олар айтқан сөздерді өздеріде қолданады, ал оның диалектімен сөйлеп отырғанын басқа аймақтың адамдары ғана ажыратады. Сондықтан, диалекті сөздерді көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тіліне ғана тауып, жинастыруға болады.

Ал кәсіби термин сөздерді кімдер қолданатынын оқушылар өздері анықтап алады. Ол үшін белгілі кәсіп иелерінен не пән мұғалімдерінен «сіздің кәсібіңіз не?, өз пәніңіз жұртшылыққа не үшін керек деп ойлайсыз?, кәсібіңіздің немесе пәніңіздің ерекшелігі неде?, сіздің ең жиі қолданатын сөздеріңіз қандай?, өз әріптестеріңізбен кездескенде, сіз не жайында сөйлесесіз?» т.б. сұрақтардың біріне интервью алуға болады.

Мүмкіндік болса түрлі мамандық иелерін мектепке шақырып, кеш өткізуге болады. Мамандық иелерін дәл осы тақырып өтіліп жатқанда шақырғанмен, тәлімгерлермен келісіп, сыныптың тәрбие жоспарында көрсетілген уақытты-ақ ұйымдастырып, айтылған сөздерді ұнтаспаға жазып алып, оны лексиканы қайталау сабақтарының бірінде талдауға болады. Не

болмаса, жануарлардың айтысы тәрізді әр қандай мамандық иелерінің айтысын ертегі стиліне салып газет шығаруға да болар еді.

Оқулықта лексиканы қайталауға және өтілгендерді жинақтап, түйіндеуге арналып біраз тапсырмалар мен жаттығулар берілді. Жаттығулар да, сызба түріндегі тапсырмалар да тақырыптарды бір бірімен салыстырып, шашыранды ой-пікірлерді тұжырымдау мақсатын көздейді [20].

## Қ о р ы т ы н д ы

Әрбір сөз – бүгінгі өсіп, дамып келе жатқан қоғамымыздың бір көрінісі. Сөз мағыналарын үйретудегі мақсат – оқушылардың сөз байлығын арттыру. Әрине, оқушылардың сөз байлығын арттыру лексиканы тілдің басқа салаларымен байланыстырып өткенде ғана іске асады.

Сөз мағыналарын өткенде оқушылар тіліміздің сөз байлығын, ондағы лексикалық құбылыстар мен ұғымдарды, сөздердің мағыналары мен түрлері жайында мағлұмат алады, сөздердің табиғатын ұғады. Тілдің лексика саласын өткенде әрбір тақырыптың теориялық жағымен қоса оның тәрбиелік маңызы да барлық уақытта естен шықпауы керек.

Оқушылар тіліміздегі сөздердің сөйлемде тек ұғымды, ойды ғана жеткізу емес, сезім мен сезікте қоса жеткізу керек. Сөйтіп, тілге деген эстетикалық тәрбиені осындай нәзік сезіммен ұштастыруға болады. Бұл ретте антонимдер, көнерген сөздер мен неологизмдер, диалекті мен кәсіби сөздердің көркем әдебиетте қолдану орны, мақсаты, сөйлемге берер ажары ашып түсіндіріледі. Әрине, бұлардың бәрі де көркем әдебиет тексттерімен түсіндіріледі.

Ғалымдардың, жазушылардың және ақындардың ана тілі туралы айтқан пікірлерін лексиканың қай тақырыбын өтсе де келтіріп отыру оқушылардың ана тілін, Отанын сүйеге септігін тигізетіні сөзсіз. Әрбір сөз – бүгінгі өсіп, дамып келе жатқан қоғамымыздың бір көрінісі. Тәрбие жұмысы синоним, антонимдерді оқытуда үлкен роль атқарады. Белгілі бір адамдардың өмірін жан-жақты сипаттауда синонимдер ерекше түсіндіріледі.

Лексиканы оқытқанда олардың мағыналарына айрықша назар аударылады. Диахрониялық принцип бойынша әрбір сөз халықтың тарихымен байланысты екені лексиканы өткенде, барлық уақытта назарда тұтылуы керек. Тілдің лексика тарауын өткенде көрнекі құралдардың болуы-оқытудың тиімділігін арттырады.

Лексиканы мектепте оқытуға қазіргі таңда көп мән беріледі. Себебі еліміз егемендігін алғаннан кейін тіліміздің де мәртебесі өсіп отыр. Тілді меңгерудің басты ошағы мектеп екені аян. Қазақ тілін үйретудің ең бір ірі бөлімдерінің бірі лексика болып табылады. Лексика сөз мағынасын оқытатын болғандықтан мектептерде сабақ беру кезінде ең бір көңіл бөлінетін тақырыптардың бірі. Лексика тарауына жаңа бір оқу тақырыбы енгізіледі. Ол – сөздердің қолданылу түрлеріне қатысты түрлері. Қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісі жағынан әр түрлі болып келеді. Сөздік қорды құрайтын негізгі лексика стильдің барлық түрлерінде жаппай қолданыла береді, сонықтан оларды жалпылама лексика дейді. Жалпылама лексикаға жататын сөздер адам тіршілігіне, күнкөрісіне, тұрмысына қатысты сөздер болғандықтан оларды үлкендерде, кішілерде, ғалымдарда, оқушыларда, журналисттерде, заңгерде, сатушыда, банкирде, қысқасы, мамандығына, кәсібіне қарамастан адамдардың бәрі бірдей түсініп қолданылады. Міне, осыған оқушылардың көздерін жеткізу үшін әр мамандықтың иелерінің сөйлеген сөздерінен үзінділер жинап немесе оқулықта берілген әр түрлі сипаттағы (тақырыбы мазмұны әр түрлі) мәтіндерден үзінді келтіртікізіп, олардың бәрінде бірдей қолданылған ортақ сөздерді тапқызуға мұғалім уақыт таба білуі керек. Мектепте лексиканы оқыту әдістемесін қорыта келе лексика тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылымның бір саласы. Оқушыларды дұрыс сөйлей білуге ойын жеткізіп айтуға тәрбиелеу басты мақсаты. Лексиканы мектепте оқытуда көптеген әдіс тәсілдер қолдана аламыз. Сол сияқты жаңа педагогикалық технология әдістерімен сабақ өту оқушылардың әрекетшендігін, еркін пікірлеуін, ұйымшылдығын, сабаққа деген қызығушылығын арттырып барады.

Бітіру мамандық жұмысымыздың мақсаты да осы айтылған сөз мағыналарын оқушыларға қалай ұғындыру, үйрету, оқыту үшін қолданылатын дидактикалық ойын әдістерін баяндау болып табылды.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Каримов И.А. Баркамол авлод арзуси. Тошкент, Ўзбекистон, 1999
2. Абдиреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары. Нөкіс «Қарақалпақстан», 2009.
3. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы, 1985.
4. Әлметова Ә. Көп мағыналы сөздерді оқыту. // Қазақ тілі мен әдебиеті 1999, №6 7-9бб.
5. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, 1986.
6. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1995.
7. Әлімжанов Д. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1995.
8. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1990
9. Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. Алматы, 2002
10. Жаниязов Ә. Лексиканы оқытуға арналған таблица. Алматы, 1978
11. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. Алматы, 1996.
12. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент, 2003
13. «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері». Алматы, 1995.
14. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2000.
15. Қалниязова А. Жаңа технологияның қазақ тілінде алатын орны. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2002 №12 3-7бб.
16. Қалиева Г, Оралбаева Н, Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. Алматы 1979
17. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. А. 2005
18. Қудьярова Ш. Қазіргі қазақ тілін оқытуда жаңа технологияның тиімділігі. Нөкіс «Қарақалпақстан», 2009
19. Толғанбаева Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1988.
20. [www.ziyonet.uz](http://www.ziyonet.uz)
21. [www.edunet.uz](http://www.edunet.uz)

## МАЗМҰНЫ:

Кіріспе.....	7
I Тарау. Лексика саласын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері	
1.1. Лексиканы оқытудың міндеттері.....	10
1.2. Лексиканы оқытудың принциптері.....	18
1.3. Лексика бойынша жүргізілетін жаттығу жұмыстары .....	23
1.4. Сөздік туралы түсінік .....	28
II Тарау. Қазақ тілі сабағында жаңа технологиялық үлгіде сөз мағыналарын үйрету жолдары	
2.1. Сөз мағыналарын инновациялық технологияларда оқытудың тиімділігі.....	32
2.2. Көп мағыналы сөздерді оқытудың тиімділігі .....	36
2.3. Тұрақты тіркестері және сөйлеммен жұмыс істеу жолдары.....	43
2.4. Кірме сөз және оның мағынасын оқыту.....	47
Қорытынды.....	53
Пайдаланған әдебиеттер.....	55